Фразеологические единицы являются важным средством вербальной реализации концептов. Действительно, во фразеологии запечатлен богатый исторический опыт народа, в ней отражены представления, связанные с трудовой деятельностью, бытом, культурой людей, мифами, религией, традициями, фольклором и т.д. Большой интерес вызывает национально-культурная специфика фразеологизмов. В.Г. Гак разграничивает национальную и культурную специфику фразеологических единиц, отмечая, что «национальная специфика выявляется при сопоставлении разных языков»; «культурная специфика определяется соотношением ее с элементами материальной или духовной культуры данного общества, его истории, обычаев, природно-географического кадра, в которой живет данный народ» [7, с. 260].

Образное содержание фразеологизмов в большинстве случаев воспринимается как основание для метафорического переосмысления. Метафора может выполнять функцию культурного знака. Однако, по мнению В.Н. Телия, «в образное основание фразеологизмов вклиниваются символы,

референция которых осуществляется и к собственному смыслу «вещи» или ментофакта, и к смыслу образа в целом; эталоны, измеряющие меру проявления свойства какого-либо объекта через свойства иноприродного ему; ритуал или какие-либо его части; мифологемы, архетипы, которые могут выступать как «глубинные метафоры» [8, с. 22].

Таким образом, владение языком предполагает концептуализацию мира. Каждый естественный язык отражает определенный способ восприятия и устройства мира, или языковую картину мира. Совокупность представлений о мире, заключенных в значении разных слов и выражений данного языка, складывается в некую единую систему взглядов, или предписаний, и навязывается в качестве обязательной всем носителям языка. Проблема осмысления языковых единиц как структур представления знаний представляет огромный пласт для исследования, так как по совокупности концептов (концептосфере) можно судить о ментальной модели действительности, отражаемой в языке вообще, и в головах конкретных носителей в частности.

Литература

- 1 Павиленис Р.И. Проблема смысла. Современный логико-философский анализ языка. – М.: Мысль, 1983.
- 2 Кравченко А.В. Знак, значение, знание./ Очерки когнитивной философии языка. – Иркутск, 2004.
- 3 Петрова Н.В. Текст и дискурс. // Вопросы языкознания. 2003. №6.
- 4 Кассирер Э. Философия символических форм. – М.: Университетская книга, 2002.
- 5 Лакофф Дж. Лингвистические гештальты // Новое в зарубежной лингвистике. – М.: Прогресс, 1980.
- 6 Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. – М.: Языки русской культуры, 1998.
- 7 Гак В.Г. Языковые преобразования. – М.: Языки русской культуры, 1998.
- 8 Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М.: Языки русской культуры, 1996.

ҒТАМР 16.01.21

МЕДИЦИНА САЛАСЫ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ МЕН СӨЗДІКТЕРДЕ БЕРІЛУІ

Ш. Кабулова, Д. Серік

Студенттер, Сулейман Демирель университеті, Қаскелең қ.

Термин жасау терминжасам процесінің нәтижесі болып саналса, термин жасау процесінің басты өзегі – семантика, яғни мағына. Кез келген ұғым пайда болғанда болмыстың ішкі қасиеттері бағаланады да, атаудың ішкі мағынасында сол белгілер таразыланып, белгілі бір арнаға тоғысады. Сема терминжасам үшін басты құрал болғандықтан, термин жасау процесі де тікелей семантикалық тәсіл арқылы жүзеге асады. Яғни, кез-келген термин сөздің жасалуында қажеттілік, негізділік, бірегейлік және нәтижеге тәуелділік болады.

Қазақ тіліндегі медицина терминдерінің жасалу жолдары мен қолданыстық сипатын анықтау – медицина саласындағы терминжасамның негізгі мәселелерінің бірі.

Түйін сөздер: термин, медицина, аударма, анықтама, дефиния, терминжасам.

Терминжасам саласында терминдердің түзілуі белгілі бір тәсілдерге бағына жасалатыны анық. Сол тәсілдердің қатарын терминтанушы ғалым Ш.Құрманбайұлы 2009 жылы Астана қаласында жарық көрген «Терминтану» еңбегінде төрт топқа бөліп көрсетеді. Нақтылай кетсек, лексика-семантикалық, морфологиялық (синтетикалық) тәсіл, синтаксистік (аналитикалық) тәсіл және калькалау тәсілі.

Морфологиялық (синтетикалық) тәсіл қосымшалар арқылы жасалатын терминжасам тәсілдерінің ішіндегі ең өнімді түрі. Бұл тәсілмен жасалатын сөздер екі тілдік бірліктің қатысуымен жасалады. Яғни, туынды сөз лексикалық мағыналы сөз бен сөзжасамдық жұрнақтың қосылуы арқылы туындайды.

Синтаксистік (аналитикалық) тәсіл сөздердің бірігуі, кірігуі, қосарлануы және тіркесуі, қысқаруы арқылы жасалатын туынды сөздер қорын қамтиды.

Келесі тәсіл түріне лексика-семантикалық деген атау беріліп, оны түрколог ғалым К. Мұсаев былайша анықтаған: «Халықтық лексиканың терминденуі, жалпы қолданыстағы сөздердің терминге айналуы, жалпы әдеби тілдегі сөздердің терминденуі, сөз мағынасының алмасуы, жалпы қолданыстағы сөздерге жаңа арнаулы мағына жүктеу, тілдегі сөздерді терминдік мағынада қолдану, байырғы сөздерді терминологиялық мағынада жұмсау, сөз мағынасын өзгерту, т.б.». Терминологияда бұл тәсілдің орны

ерекше, себебі жалпы әдеби тілдегі семантикалық тәсіл тәрізді ұзақ мерзімді қажет етпейді.

Терминжасамдағы калькалау тәсілі өзге тілдегі терминдердің жасалу үлгісін, мағынасын пайдаланып, ұлт тіліне бейімдей отырып термин жасау. Құрылымы мен мазмұн ерекшеліктеріне қарай калька үш топқа жіктеледі: сөзжасамдық калька, семантикалық калька және фразеологиялық калька.

XX ғасыр қазақ халқы тарихында қазіргі ғылым-білімнің негізін қалаушы кезең ретінде орасан зор маңызға ие. Әсіресе терминжасам саласындағы басты жетістіктер осы кезең үлесінде жатыр. Тікелей себепкер ретінде Алаш қайраткерлерін айтпай кету мүмкін емес. Ә. Бөкейхан бастаған бір топ зиялы қауым өкілдері, оның ішінде А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» құралы, М.Дулатовтың математика саласына арнап жазған «Есептануы», М.Жұмабаевтың педагогикаға арнаған «Педагогика» кітабы, Ж.Аймауытовтың «Психологиясы», Е. Омарұлының «Пішіндемесі», Х.Досмұхамедұлының медицина саласына арнаған «Адамның тән тірлігі туралы», т.б. еңбегі терминологиядағы басты еңбектер саналады.

Х.Досмұхамедұлы медицина саласына еңбегі сіңген әрі медик, әрі лингвист ғалым. Оның «Адамның тән тірлігі туралы» еңбегі медицинаның негізгі құралы ретінде қалыптасып, терминжасам саласындағы өзектілігін әлі күнге дейін жоғалтпай келеді. Медицина саласы қай кезеңде болмасын өзіндік терминдерге тәуелді. Сан алуан ауру атаулары мен дәрі-дәрмектер зерттеле келіп, белгілі бір анықтамаға ие болады. Соның нәтижесінде медициналық терминдердің аялық қоры толығып отырады. Жаңа дербес мағынаға ие болған әрбір термин өзі қызмет ететін саланың дамуына үлкен ықпалын тигізеді анық. Осылайша терминдер медицинаның негізгі тіліне айналады. Жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуінен бөлек медицина терминдері уақыт пен өз кезеңінің жағдайына байланысты туындайды. Себебі жаңа пайда болған ауру терминдік атауға ие болмас бұрын жүйелі зерттеуді талап етеді. Ғалымдар зерттеу барысында ауру белгілері мен аурудың мағыналық сипатына сүйене отырып, санада қалыптасқан белгілі бір ұғымды термин арқылы қолданысқа түсіреді. Бұдан бөлек түрлі ауруларға жүргізілетін ем-шара, дәрі-дәрмек атаулары, ота барысында қолданылатын құрал-саймандар медицина саласындағы терминдердің қорын толықтырып отырады.

Х. Досмұхамедұлының «Адамның тән тірлігі» еңбегіне талдау жасай келе, ғалым ұсынған медицина терминдерінің 55 %-ға жуығы қазіргі таңда қолданыста екенін анықтадық. Сол терминдердің қаншалықты қолданысқа ие екеніне сенімді болу үшін салыстыра зерттеу тәсілін ұстанғанымыз жөн деп санадық. 1999 жылы Алматы қаласы «Атамұра» баспасында жарық көрген Т.Момынов пен А. Рақышев құрастырған орысша-қазақша «Медициналық сөздік» пен Х.Досмұхамедұлының «Адамның тән тірлігі туралы» еңбектерін өзара салыстыра отырып, ондағы терминдердің қолданыстық сипатына қарай пайыздық көрсеткішін төмендегідей ұсындық. «Медициналық сөздіктегі» «Адам анатомиясы», «Жалпы биология», «Микробиология», «Қалыпты физиология», «Гигиена және санитария», «Құлақ, жұтқыншақ және мұрын

аурулары», «Стоматология және бет-жақ хирургиясы» және «Нерв аурулары» бөлімдерін қарастырудағы басты себеп – «Адамның тән тірлігі туралы» еңбегінде берілген 467 терминдердің дәл осы бағытта болуы. Салыстыра келе, жоғарыда тізіп өткен бөлімдерде терминдердің жалпы саны 5633 екенін, Х.Досмұхамедұлы құрастырған терминдердің онда 55%-ы (256 термин) қолданыста екенін анықтадық.

Х. Досмұхамедұлы құрастырған терминдерді жасалу тәсіліне қарай бірнеше топқа бөліп қарастырсақ болады:

1. Морфологиялық (синтетикалық) тәсіл: Омыртқалы, емшекті, түйіршік, өзекті, өзексіз, дәншік, тітіркеніс, демалыс, опқыр, опқырлық, іріткі, ашытқы, тарамыс, тақташық, белдік, топшы, құйымшақ, құйыршық, сүріншек, күрекше, ойық, солақ, бақалшақ, жіліншік, түтікше, қаңғырық, кеңсірік, сопақша, мишық, ұршық, иірім, бөбешік, жұтқыншақ, кіреуке, қалпақша, айдаршық, сүтсімек, ерікті, тамырлы, қарашық, бұршақ, шеміршек, сырғалық, кеңірдек, шұқыршақ, дорбашық, шағылыс, қуысты, тұқымдық, жатын, қақпашық, қозғалыс, сүтсімек, қолқа және т.б.

2. Синтаксистік (аналитикалық) тәсіл: Тән жүйесі, тән тірлігі, тірліктану, жүйке талы, түк бүрі, мойын омыртқа, тер без, тырнақ ағы, жілік майы, буын дорбасы, омыртқа ұңғысы, қабыршақ жік, ми сыңары, текше сүйек, тоқпақ жілік, сілекей еріткі, тоқ ішек, көз шарасы, жүйке тұтқасы, Барел көпірі, азу тіс, селбі суағары, сідік мүшесі, дабыл жарғақ, қан жүйесі, үш жақтаулы қақпашық, көкірек өзегі, қуыс көктамыр, зәр шығару жүйесі, бұзық қан, күретамыр, т.б.

3. Лексика-семантикалық тәсіл: Құжайра (клетка), балға (молоточек), жота (позвоночный столб), сарысу, асық (таранная кость), борша (мышечная оболочка), без (железа), еңбек (родничек), кіреуке (эмаль), бүйен (слепая кишка), талақ (селезенка), сырғалық (мочка), шағылыс мүшесі (половые органы), кеуілжір (решетчатая кость), т.б.

4. Калькалау тәсілі: бактер (бактерия), қыларапарым (хлороформ), әсейін (оссеин), нейрен (неврон), неурит (неврит), дендірит (дендрит), эпидерім (эпидермис), пөбіріл (фибрилль), пигімент (пигмент), пілеуір (плевра), репілекіс (рефлекс), дентійн (дентин), пійтелін (питалин), пепсійн (пепсин), тіріпсійін (трипсин), дыйастаз (диастаз), лыйпаз (липаз), кілійкеген (гликоген), пөбірійн (фибрин), мекрескеп (микроскоп), элемент (элемент), құлар (хлор), натыр (натрий), мегінез (магний), паспар (фосфор) т.б.

Көріп отырғанымыздай ғалым төрт тәсілді де өнімді қолданған. Әсіресе морфологиялық және синтаксистік тәсілдерге сүйенген. Лексика-семантикалық тәсілді ұтымды пайдаланып, кей жағдайда калькалау тәсілін де қолданған. Солардың ішінде қолданысқа түспеген бес терминнің жасалу жолы мен қолданыстық сипатына тоқталып өтсек:

№	Қазіргі қолданыстағы термин	Х.Досмұхамедұлы ұсынған термин
1	клетка, жасуша	құжайра (түйіршік)
2	сүтқоректі	емшекті
3	бұлшық ет жүйесі	борша жүйесі

4	хромосома	құрамазам
5	бактерия	бактер

1. Құжайра (түйіршік). Бұл Х. Досмұхамедұлының қазіргі кезде қолданыстағы жасуша (клетка) терминіне берген аудармасы. Семантикалық жағынан қарасақ, түйіршік сөзі санамызға жақын, қабылдауға жеңіл. Түйіршік – заттың ең ұсақ бөлшегі [1, 832 б.]. Яғни адам денесіндегі ең ұсақ бөлшектің түйіршік деп аударылуы өте орынды және сәтті. Енді құжайра сөзіне тоқталсақ. 1. Құж-құж – бұжыр-бұжыр қатпар-қатпар. 2. Құж-құж етті, бірі кіріп, бірі кетті, құжынады [2, 534 б.]. Жасуша қатпар-қатпар болып келетіндіктен, жасушаға тән қасиеттерді «құж» түбірі арқылы орынды көрсеткен. Ал мұндағы –айра қосымшасы еліктеуіштен зат есім тудырып, көмекші рөл атқарып тұр.

Медицина саласындағы ең көп тараған базалық ұғымдардың бірі болған «жасуша» сөзінің орнына неліктен «құжайра», «түйіршік» терминдерін қолданбаймыз? Терминологияда сәтті шыққан термин кей жағдайда бұрынғысының не өзге синонимдес сөздің орнына қолданылып, тұрақтасып кетуі орынды жайт. Бұл жерден де осы үдерісті көреміз, яғни естілуі біршама дөрекі көрінетін «құжайра» сөзінің орнын сәтті шыққан «жасуша» аудармасы алмастырған. Алайда «түйіршік» сөзі қолданыста қалған. Әдетте, медицина саласында «қан түйіршіктері» деп тіркесе қолданылады.

2. Сүтқоректілер – сүтпен қоректенетін, жоғары сатыдағы омыртқалы жануарлар [3, 753 б.]. Алғашында ғалым еңбегінде бұл терминнің «емшекті» деп берілуі семантикалық тұрғыдан қарағанда өте орынды. Осы тұста «емшекті» сөзінің түсіндірмелі сөздіктегі мағынасына назар аударайық. Емшекті 1. Емшегі бар, емшегі үлкен. 2. Ауысп. Бұдырлы, бүрлі, бедерлі [4, 225 б.]. Алайда бұл жерде де жоғарыда айтып өткендей, терминнің құлаққа жағымсыз естілуінің әсерінен келесі жасалған терминнің қолданысқа толығымен еніп кетуі әбден орынды жағдай.

3. Борша. Үлкен етіп кесілген бір бөлек кесек ет. Мысалы: Борша болды (боршасы шықты) – быт-шыты шықты [5, 138 б.]. Қазіргі таңда қолданыста бар, дегенмен адам анатомиясына қатысты айтылмайтын термин. «Етті боршалау» деп малдың етін бөлу деген мағынаны білдіреді және тек мал етіне қатысты қолданылады. Бұл терминнің де сәтсіз шығуы медицинада қазіргі күнге дейін қолданыстық сипат таппауының басты себебі. «Бұлшық ет жүйесі» термині семантикалық жағынан да, құрылымы жағынан да үйлесімді құрылып, тікелей адамға қатысты екені түсінікті болып тұр. Бұл тұста алғашында «ет» сөзінің орнына «борша» сөзінің қолданылғанын ескерсек, өз уақытында орынды термин болғаны анық. Тек кейіннен «ет» сөзі «бұлшық» сөзімен тіркесе келіп, үйлесімділік тапқан. Бұлшық ет – сан етте, қолда, балтырда болатын қатты, шымыр ет [6, 154 б.].

4. Хромосома (грек.хромо – түс, сома – дене) – жасуша ядросында болатын, гендерді тасымалдайтын және организмдер мен жасушалардың тұқым қуалау қасиеттерін анықтайтын органоидтар.

Құрама 1. Жеке, бөлек нәрселерден құралған, құранды. 2. Әртүрлі топтан құралған бірлестік, топ [7, 544 б.]. Х. Досмұхамедұлының хромосоманы «құрамазам» деп беруі, сөздегі түбірдің семантикасына назар аударатын болсақ, мағынаға сай жасалған деп әбден айтуға болады. «Құрамазам» сөзі «құралған, жиынтық» деген мағынаны береді. «Құрамазам» сөзінің калькалау тәсілімен жасалғанын ескеретін болсақ, бұл аударманы «хромосома» терминінен сәтті аударылған деуге болады. Аударма қазақ тілінің заңдылықтарына бағына отырып, ережелерге сай жасалған. Біздің ойымызша, кірме термин «хромосоманың» орнына «құрамазамды» төл аударма ретінде қолданыстық сипатқа түсіруге әбден болады. Алайда, төл аудармалардың ішінде қабылдауы қиын болып отырған жалғыз термин осы емес екенін ескерсек, бұл уақытты талап ететін үдеріс екендігін айтқымыз келеді.

5. Бактерия – микроскоп арқылы ғана көрінетін бір клеткалы организм [8, 100 б.]. Қазақ тіліне сай ережелерге бағына отырып құралған термин. Тілімізге тән емес құбылысты төл әрпімізге алмастырып, тек дыбыстық жағынан өзгешіліктер енгізіп, «бактер» деп құрастырған. Осы орайда бұл терминді де калькалау тәсіліне сүйене отырып құрастырғанын ескерте өткен жөн. Алайда, сөзде бірыңғай жуан не жіңішке дауыстының болуын талап ететін қазақ тілі үшін үндестік заңына сай етіп, Х. Досмұхамедұлы ұсынған «бактердің» орнын «бәктер» терминімен алмастыруды ұсынамыз.

Қорытындылай келе, лингвист ғалым Х.Досмұхамедұлының еңбегінің негізінде медицина саласын зерттеу – қазақ тіл білімі үшін, әсіресе кенжелеп келе жатқан терминология ғылымының даму жолындағы алғышарт десек те болады. Зерттеу барысын ескере отырып, бұл күрделі де уақытты талап ететін үдерістің жүйелілік пен бірізділік негізінде қарастырылуы керек екендігін, сонда ғана терминология саласы нәтижелі жетістіктерге жететіндігін айтқымыз келеді.

«Біздің тәжірибемізде қазақ тілі – бай тіл. Олай-бұлай созуға өте ыңғайлы келе беретін тіл. Тек сөздері ғылым жолына салынып іреттелмеген тіл. Қазақ тілі ғылым жолына салынып іреттелсе, ешбір жұрттың тілінен кем болатын емес, бұған илануымыз толық», – деген Х. Досмұхамедұлының пікіріне сүйене отырып қазақ тілінің терминжасам саласы әлі де болса толық зерттеуді қажет ететіндігін, зерттеліп, нақтыланатын болса, жоғары нәтижеге жету мүмкіндігі зор екенін байқауға болады. Әр терминге ерекше көңіл бөлініп, қазақ тілінің емлесіне сай, тіліміздің өзіне тән ерекшеліктерін сақтай отырып үлкен жауапкершілікпен қарайтын болсақ, біз ойлағаннан да үлкен нәтижеге жетуге болары сөзсіз. Бұрынғы құрастырылған терминдерді жетік талдап, керек жағдайда өзгешеліктер енгізе отырып қайта құрастыру арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізе аламыз. Алдағы уақытта әліппіімізді латын қарпіне көшіру арқылы өз төл дыбыстарымызды сақтай отырып, тілімізге тән заңдарды ескере отырып, ғасырлар бойы келе жатқан «құлдық санадан», «жасампаздықтан» арылып, тіліміздің өз табиғатын терминжасам саласына тереңінен енгізсек, алаш зиялылары мақсат еткен тіл тазалығы мен ұлт санасының еркіндігіне қол жеткізеріміз анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы: «Сардар», 2014. – 928 б.
- 2 Момынов Т., Рақышев А. Медицинский словарь – Медициналық сөздік. – Алматы: Атамұра, 1999. – 312 б.
- 3 Досмұхамедұлы Х. Адамның тән тірлігі / Құраст. Проф. Ғ. Әнес. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2019. – 320 б.
- 4 Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

ҒТАМР 16.01.11

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ӘН-ӨЛЕҢДЕР МЕН РИФМДЕРДІ ҚОЛДАНУ

Адақ Таңнұр

Студент, Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Арқалық қ.

Ш.С. Багитжанова

Ғылыми жетекші, Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Арқалық қ.

Осы мақалада шет тілі сабағында тілді дамыту үшін әндердің көмегімен оқушылардың назарын аудару. Шет тілін үйренудің ең қарапайым және тиімді әдістерінің бірі оқушының рифма мен өлең арқылы қабылдауын жеңілдетеді.

Түйін сөздер: Шет тілі, шет тілін оқыту, құрылымдар, рифмдер.

Оқытудың тиімді әдістерінің бірі – шет тілі сабақтарында поэтикалық және ән материалдарын қолдану.

Көптеген ғалымдардың, әдіскерлердің және мұғалімдердің назарын шет тілін оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдерін іздеу қызықтырады. Шет тілі сабақтарында поэтикалық және ән материалдарын қолдану – оқытудың тиімді әдістерінің бірі. Оқытудың әртүрлі кезеңдерінде балалармен жұмыс жасайтын көптеген мұғалімдер мен әдіскерлер шет тілін үйренуде поэтикалық мәтіндер мен әндерді қолданады. Мұғалімнің жұмысын жеңілдететін поэтикалық мәтіндері бар көптеген оқулықтар бар. И.Л. Шолпо поэтикалық шығармаларды

қолданғаны үшін келесі дәлелдерді келтіреді.

Біріншіден, өлеңдер, әндер – бұл балалар жақсы көретін, оларды қызықтыратын мәтіндік материал, сондықтан олармен жұмыс оқушы үшін жағымды эмоционалды түрде боялған, бұл жоғарыда айтылғандай, материалды игеруге айтарлықтай ықпал етіп, шынайы әдеби немесе фольклорлық материал мәдениеттер контекстінде тілді түсінуге ықпал етеді.

Екіншіден, поэтикалық мәтіндер мен әндер ырғақты дамыту, шет тіліндегі сөйлеуді интонациялау, айтылымды жетілдіру үшін тамаша материал болып табылады.

Үшіншіден, өлеңдер мен әндермен жұмыс жасау кезінде біз бір модель бойынша мәлімдемелерді қайталау немесе бір сөзді қабылдау мәселесін шешеміз. Әнді немесе өлеңді бірнеше рет ойнату жасанды ретінде қабылданбайды.

Шет тілдерін оқытудың мақсаты – білім алу, оқушылардың дағдыларын қалыптастыру, сонымен қатар олардың аймақтық, лингвистикалық және мәдени-эстетикалық сипаттағы ақпаратты игеруі. Өлеңдер мен әндер шет тілін үйренуді ұнатады және ерте жастан балаларға поэзияға деген сүйіспеншілікті оятады, сонымен қатар оқу процесінің тиімділігін арттырады.

Н.П. Дьяченко өз мақаласында поэтикалық мәтінмен жұмыс жасау әдістері әр түрлі болуы мүмкін және оқыту кезеңіне де, мұғалімнің алдына қойған мақсатына да байланысты екенін айтады. Сонымен қатар, грамматика, фонетика, лексика және аударманы оқыту сияқты көптеген міндеттерді бір уақытта жүзеге асыруға болады. Өлеңдерді оқу және аудару шет тіліндегі сабақтарды мазмұнды, мотивациялық және пәнді оқуға деген қызығушылықты арттырады. Өлеңмен жұмыстың шамамен реттілігін анықтау керек, оны шартты түрде бірнеше кезеңге бөлуге болады:

- а) мәтінді фонетикалық ұсыну;
- б) мәтінді лексикалық ұсыну;
- в) мәтіннің грамматикалық көрсетілімі.

Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру шет тілін оқытудың барлық кезеңдерінде жүзеге асырылады. Бұл ретте білім алушылар, егер олар рифмалық түрде ұсынылса, жекелеген дыбыстармен, айтылуы қиын сөздермен және интонациямен үлкен ықыласпен және ынтамен жұмыс істейді.

Айтылымды оқытумен байланысты мәселелерді шешу үшін зерттелетін және ана тілдерінің фонологиялық базасын салыстырмалы талдау үлкен маңызға ие. Салыстырмалы талдау негізінде фонетикалық құбылыстарды зерттеуде оқушылар алдында туындайтын қиындықтар анықталады, бұл өз кезегінде олармен жұмыс істеу сипатын анықтайды, өйткені кез-келген шет тілінің айтылу қиындықтары абстрактілі түрде ойлай алмайды, мүлдем, олар әрқашан дифференциалды-салыстырмалы және нақты тілдердің арақатынасына қатысты.

Оқушыларда сөйлеу есту қабілетін дамыту айтылымды оқытудағы негізгі міндет болып табылады. Бұл мәселені түсіндіруді имитациямен біріктіру арқылы шешуге болады. Модельдеу процесі екі кезеңнен тұрады: үлгіні тыңдау

және оны көбейту. Алайда, айтылыммен жұмыс жасаудың басында қателіктерден аулақ болуға болмайды, өйткені С.И. Бернштейн атап өткендей, «әрине, біз қалай айту керектігін білетін дыбыстарды ғана естиміз». Білім алушылар бірнеше рет қайталау нәтижесінде қателіктерден босатылады.

Шет тілі сабақтарында поэтикалық шығармалармен және тілдік бұрылыстармен жұмыс істеу тілдік емес ортада айтылу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Бұл қарапайым, қызықсыз емес және сонымен бірге жаңа дыбыстарды үйрену, пысықтау және бекіту кезінде көптеген қателіктерден аулақ болатын тиімді әдіс. Көбінесе сабақ фонетикалық зарядтаудан басталады және арнайы таңдалған өлеңдер мен рифмдерді фонетикалық зарядтау ретінде пайдалануға болады. Келесі екі-үш сабақта Н.П. Дьяченко өлеңді немесе рифманы қайталауға, дыбыстардың айтылуын реттеуге кеңес береді. Жұмыстың бұл түрін сабаққа әртүрлі кезеңдерде енгізуге болады, ол балалар үшін ерекше демалыс ретінде қызмет етеді.

Ырғақты музыкаға арналған жаңылтпаштарды айту техникасын жасау үшін өте тиімді. Сіз «Fuzzy Wuzzy was a bear», «Peter Piper picked a peck of pickled peppers», және басқалары сияқты танымал тілдік бұрылыстарды сәтті пайдалана аласыз. Айтылымды оқыту кезеңінде дұрыс орнатылған интонация да маңызды. Оқушыларға өлеңдер мен әндердің интонациясын тыңдау және ойнату арқылы ағылшын сөйлемдерінің интонациялық жүйесін қабылдау оңайырақ. Мысалы, «Why do you cry, Willy?» дыбысты [w] ғана емес, сонымен қатар интонацияны да қолдануға болады. Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін көптікті үйрену кезінде келесі рифманы үйренуге болады: [s], [z], [iz]:

*A cat – cats, a hat – hats,
A pen – pens, a hen – hens,
A fox – foxes, a box – boxes,
A lady – ladies, a baby – babies,
A cherry – cherries, a berry – berries.
A shelf – shelves, a wolf – wolves,*

Сіз бұл жаттығуды жазбаша түрде орындай аласыз және емле ережелерін білуді бағалай аласыз: *y – ies; f – ves.*

Лексикалық дағдыларды қалыптастыру ана тілінде сөйлейтін адамдар ұстанатын ситуациялық, әлеуметтік және контекстік ережелерді білуді қамтиды. Оқушылар лексикалық бірліктердің мағыналары мен формаларын игеріп, оларды ауызша және жазбаша қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларында қолдана білуі керек.

Әндер мен рифмалар лексикалық материалды жанды және эмоционалды түрде енгізуге немесе бекітуге көмектеседі. Әндерді жаттап алып, оларды сабақта алдымен хормен ойнатыңыз, содан кейін жеке немесе жұптасып шет тілінде сөйлеу дағдыларын дамытады. Рифмалық сөйлеу балаларға қарапайымнан гөрі таныс және табиғи, өйткені ақпаратты рифма түрінде есте сақтау оңайырақ. Оқытудың бастапқы кезеңінде балалар дайын лексикалық құрылымдарды жақсы қабылдайды, есте сақтайды және ойнатады, әсіресе егер

олар рифмде болса немесе музыкаға, ырғаққа енгізілсе. Мысалы, атақты ән – «Good morning!» бұл дайын диалог, оның көмегімен балалар амандасуға, жағдайдың қалай жүріп жатқанын сұрауға және қоштасуға үйренеді. Ал «who's afraid of big black spiders» әні? сұрақ-жауап диалогтық қарым-қатынасқа, күнделікті сөйлеу тілінде кеңінен қолданылатын қысқа жауаптар беруге үйретеді. «Жануарлар» тақырыбындағы лексиканы оқыған кезде сіз «have got» етістігін енгізе аласыз – «бар» және балалармен келесі әнді жаттай аласыз – реп:

Have you got a dog?

No, I haven't got a dog.

Have you got a cat?

No, I haven't got a cat.

Бұл ән сұрақ, теріс және жағымды сөйлемдерді бекітуге көмектеседі. Кейінгі сабақтарда оқушыларға өз өлеңдерін шығаруға ұсынуға болады.

Музыкаға немесе әнге зарядтау қазіргі заманғы денсаулық сақтау сабағының қажетті элементі болып табылады. Ағылшын балалар әндерінің үлкен таңдауы, олар қозғалыстармен бірге жүруі мүмкін және тақырыптық түрде сабақпен байланысты. Мысалы, адам денесінің бір бөлігін зерттегенде, сіз әрқашан «бас және аяқ киім, knees and toes...» немесе «Put your finger on your nose, on your nose...».

Поэтикалық материалмен жұмыс істеу кезінде грамматикалық дағдыларды қалыптастыру. Көбінесе «грамматика» сөзі жалықтырып жіберетін және зеріктіру нәрсемен байланысты. Грамматиканы оқыту және мәлімдемені дұрыс жобалау, сондай-ақ сөйлеу мен жазудағы грамматикалық формаларды тану сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінің ажырамас бөлігі болып табылатын грамматикалық дағдыларды қалыптастыру арқылы жүреді.

Әрине, балалар грамматиканы үйрену керек екенін естігенде, бұл өте қиын және жалықтырып жіберетін болып көрінеді, олар оны анықтай алмайды, көбінесе тіл үйренуге деген ынтасы мен тілегін жоғалтады. Мұғалім: «сабақтарыңызды қалай әртараптандыруға және оларға қызықты, бірақ сонымен бірге пайдалы нәрсе әкелуге болады?». Сіз грамматикалық материалмен танысу және оны жаттықтыру процесін әр түрлі жолмен құра аласыз. Бір жолы-қызықты материалды таңдау. Шет тілі сабақтарындағы әндер мен рифмалар – мұның бәрі жалықтырып жіберетін оқытуға байланысты. Кез-келген жастағы оқушылар ән айтқанды ұнатады және оны «жалықтырып жіберетін» грамматиканы зерттеуде белсенді қолдануға болады. Грамматикалық құрылымдар, тілдік белсенділік, тыңдау дағдылары әндерде жақсы игеріліп, белсендіріледі, сонымен қатар шет тілін үйренуге деген қызығушылық артады.

Грамматика туралы білім білім алушылардың жадында тек жатталған ережелер, схемалар, кестелер, қысқа квадраттар түрінде қалмауы үшін, оқушылардың сөйлеуі грамматикалық тұрғыдан дұрыс болуы үшін, ауыстыру және қайта құру жаттығуларына байланысты сөйлеу үлгілерін бірнеше рет қолдануға жағдай жасау керек.

Әндер мен рифмдермен жұмыс істеу әдістерін қарастырыңыз. Мысалы, жаңа грамматикалық тақырыпты ұсыну кезеңінде оқушылар өлең оқып, мақалалардың қолданылуын түсіндіруге тырысады:

I know a doctor. – The doctor is nice.

I know a teacher. – The teacher is wise.

I know a girl. – The girl is pretty.

I know a boy. – The boy is witty.

Егер шет тілі кабинетінде суреттерді жылжытуға мүмкіндік беретін интерактивті тақта болса, сіз оқушыларға өлеңге суреттерді таңдауға кеңес бере аласыз.

Do you like pizza, do you like cheese?

Do you like oranges, do you like peas?

Do you like football, do you like TV?

I like you, do you like me?

Сонымен қатар «Whatdoyoulike?» ойнауға болады. Балаларда әннің суреттері бар суреттер бар және сұрақ қашан қойылады, мысалы, «Doyoulikepizza?» егер бала пиццаны жақсы көретін болса, онда ол осы суретті көтереді. Әрине, бұл әннің сұрақтарын қолдана отырып, «Сұрақ-жауап» микро диалогтары.

Өткен жай шақты (PastSimple) зерттеген кезде «Thequestionsong» әнінде сөйлемдердің барлық түрлері суреттелген: оң, теріс және сұраулы сөйлемдер. Осы әннің арқасында оқушылар қарапайым өткен шақтағы сөйлемдердің құрылымын түсінеді. Білім алушыларға мынадай тапсырмалар беруге болады:

– Екінші және үшінші жұптардағы сөйлемдер шатастырылып, оларды бірінші жұптың сұрақтарына жауап беретін етіп орналастырыңыз.

– Рифма пайда болатындай етіп, әр жолдағы сөздерді логикалық дәйектілікпен бөліп, әннің мәтінін қайта жасаңыз.

The question song

What did you watch? What did you play?

What did you listen to yesterday?

Where did you walk? Who did you phone?

What did you do when you arrived home?

Ән материалын пайдалану білім алушылардың белсенділігін арттырады, грамматика бойынша сабақтарды қызықты етеді, оқу курсының бағдарламалық лексика-грамматикалық материалын оңай және тез меңгеруге көмектеседі.

Қорытындылай келе, өлеңдер, рифмалар мен әндерді қолдану психологиялық жағымды климат пен сыныпта жайлы атмосфера тудыратынын атап өткім келеді. Өлеңдермен, әндермен және рифмдермен жұмыс істеу тәсілдері басқа әдістермен біріктіріліп, сабақты жеңіл, қызықты және есте қаларлық етеді және жаңашылдық әсерін жасай отырып, сабақ барысына тірі ағын әкеледі. Ән негізіндегі кез-келген материал оңай және тез есте сақталады, берік және оқушылардың ұзақ мерзімді жадында сақталады. Бірақ музыка-бұл сабақтың мақсаты немесе ойын-сауық емес, оның табиғи бөлігі, ол сабақтың сюжетіне еніп, оқушылардың мотивациялық саласына жағымды әсер етуі керек.

Ең бастысы, мұғалім оқу процесі зерттелетін материалдың монотонды механикалық көбеюіне жол бермеуге тырысуы керек, мұғалім өз оқушыларын қызықтыруы керек, бұл көбінесе рифмалармен, өлеңдермен және әндермен жұмыс істеуге ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Гебель С.Ф. Шет тілі сабақтарында әнді қолдану. Мектептегі шет тілдері. – 2009. №5. – 28-31 б.
- 2 Дьяченко Н.П. Өлеңдер, рифмалар мен әндер ағылшын тілі сабағының тиімділігін арттыру құралы ретінде. Педагогикалық хабаршы. – 2004. №3. – 30-33 б.
- 3 Любченко А.С., жалпы ред. С.Н.Смоленский. Мектепте ағылшын тілінің стандартты емес сабақтары. – Ростов н/Д.: Финикс, 2007. – 301 б.
- 4 Нехорошева А.В. Rhyme your English: ағылшын тіліндегі өлеңдер, рифмалар мен әндер жинағы: практикалық нұсқаулық. – М., АРКТИ, 2006. – 80 б.
- 5 Фурсенко А.В. Грамматика өлең. – СПб: КАРО, 2006. – 70 б.
- 6 Винс М., Вест Д. «Ақылды» (Бастаушы). – Макмиллан, 2001, – 50-58 б.
- 7 Винс М., Вест Д. «Smart» (Elementary). – Макмиллан, 2001. – 59 б.
- 8 Витни Н. «Open doors 2». – Оксфорд, 2000. – 57 б.

ҒТАМР 16.01.21

ҚҰРЫЛЫС-СӘУЛЕТ АТАУЛАРЫНЫҢ ЖАСАЛУЫ ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕРДЕ ҚАМТЫЛУЫ

А. Мереева, Д. Шарипбекова

Студенттер, Сулейман Демирел университеті, Қаскелең қ.

Бұл мақалада құрылыс-сәулет атауларының жасалу және уәждеме мәселелері қарастырылған. Қазіргі тіл біліміндегі аталған тақырыптың өзектілігі талқыланды. Зерттеу нысаны ретінде Алаш зиялыларының еңбектерінен бастау алатын XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында жарық көрген Н. Қаратышқановтың «Пән сөздері», Қызылордадан шыққан «Атаулар сөздігі», Қ. Кемеңгерұлы құрастырған «Қазақша-орысша тілмаш» сондай-ақ, соңғы 2012-2014 жылдары сөздік ретінде жарық көрген 30 томдық «Қазақша-

орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктер» алынып, терминдеріне талдау жасалды. Ескі сөздіктердегі атаулар бүгінгі құрылыс-сәулет атауларымен салыстырылып, қазіргі таңдағы терминдердің жасалу жолдарына статистикалық сараптама келтірілді. Нәтижесінде құрылыс-сәулет атауларына қазақша балама беруде лексика-семантикалық, грамматикалық қателіктер анықталып, оларға жеке-жеке тоқталып, сонымен бірге дәлел ретінде сөздіктен мысалдар келтірілді. Авторлар тарапынан шешу жолдары қарастырылды.

Түйін сөздер: атау, құрылыс-сәулет, термин, сөздік құрам, уәждеме, аналитикалық тәсіл, синтетикалық тәсіл, тікелей калька, жартылай калька.

Сәулет пен құрылыс атаулары адамдардың қарапайым тілінде де, ғылыми тілінде де өз бетінше өмір сүріп келе жатқан сегментті құрайды, сондықтан ол сала мамандарының да, тілші мамандардың да қызығушылығын арттырып отыр. Әрине, техника ғылымдарының бір саласы ретінде сәулет және құрылыс саласының терминологиясы Кеңес үкіметі тұсында өзінің ғылыми-техникалық бағытын орыс тілінде дамытты, соның салдарынан жылдар бойғы қолданылып келген қазақша атаулар мен халықтық терминдердің көпшілігінен айрылып қалды. Сонымен қатар сәулет өнерінің жауһары деп танылған грек, мысыр архитектурасының терминологиясы ғылыми ізге түсіп, жүйеленуі жағынан алға озып кеткендіктен, осы саладағы жалпы терминдердің пайыздық көрсеткіші бойынша үлес салмағы үлкен. Бұл да ғылыми-техника ерекше дамыған XX ғасырда қазақ, түркі сәулет терминдерін ығыстырып шығарды. А.Байтұрсынұлы терминжасамның бұндай қиындықтарына тоқталып отырған, оның: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін алмастыра-алмастыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан, мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің тіліміз таза болады» деген пікірінен оның терминжасамдағы осындай мәселелерді алдын ала қарастырғанын айқын көруге болады [1, 56 б.].

Терминдерді адамзаттың саналы қызметінің құралы деп танимыз, өйткені олар ұғымның сөзбен белгіленген түрі. Ғылым мен техника саласындағы терминдерге жүктелетін салмақ өте үлкен. Сол себепті оларға қойылатын талаптар да күрделі. Бүгінгі ғылым мен техниканың дамыған кезеңінде жаңа әдіс-тәсілдер, озық технологиялар мен өнімдер пайда болып, олардың барлығы жаңа атауларға ие болып жатыр. Қандай да бір ұғымға, затқа телінетін атау тілімізге жаңа сөздер, жаңа ұғымдар болып қалыптасады. Қазақстанның тәуелсіздік алуымен ашылған ғылым мен экономика саласындағы мүмкіндіктер де өз кезегінде жаңа лексиканың тілімізге енуіне ықпалын тигізіп отыр. Бұл процесті бақылаусыз қалдыруға болмайды, сондықтан қазақ терминологтары жан-жақты еңбек етіп, осы саладағы зерттеу жұмыстарын әлі де қыры ашылмай жатқан терминжасам салаларына арнау керек. Бұл орайда техникалық

терминдердің жай-күйіне баса назар аударылу қажет.

Сөздік құрамның бір бөлігін сәулет-құрылыс саласында қолданылатын атаулар жүйесі құрайды. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде сәулет-құрылыс атаулары бұрыннан қолданыс тауып жүр. Соған сәйкес сәулет-құрылыс атаулары салалық терминологиялық сөздіктерде көрініс тауып отырады. Сәулет-құрылыс атаулары алғаш рет Н. Қаратышқановтың «Пән сөздері», «Атаулар сөздігі», Қ. Кемеңгерұлы құрастырған «Қазақша-орысша тілмаш» сөздіктерінде қолданыс тауып отырды.

Тәуелсіздік жылдарынан бастап осы кезге дейін сәулет-құрылыс атаулары қамтылған бірнеше сөздіктер жарық көрді. Атап айтар болсақ, Р.Құдайбергенов «Техникалық терминдер сөздігі», Ә.Ш. Тәтіғұлов, Т.Ж. Ақбердин, М.М.Сабалақов «Архитектура және құрылыс терминдерінің орысша-қазақша сөздігі», Е. Исаханов «Құрылыс терминдерінің орысша-қазақша сөздігі», Е.Исаханов, Б. Атымтаев «Жерасты құрылыстары терминдерінің орысша-қазақша сөздігі», 1999-2000 жылдары тұңғыш рет жарық көрген 31 томдық қазақша-орысша, орысша-қазақша салалық ғылыми терминологиялық сөздіктер топтамасы мен 2012-2014 жылдары дайындалған 30 томдық «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік» топтамасының 9-томында сәулет пен құрылысқа қатысты атаулар берілген.

Құрылыс-сәулет саласына қатысты терминдердің орыс тілінен қазақ тіліне аударылуында лингвистикалық қателіктер мен кедергілер байқалады. Құрылыс және сәулет атаулары сөздіктерінде атаулардың жартылай калька, тікелей калькамен немесе баламасыз түпнұсқа күйінде берілуі жиі кездеседі. Бұл орайда атаудың өн бойындағы лексика-семантикалық сипатының толық ашылмауы көрінеді. Осы тұста терминдерді толыққанды семантикалық калькамен аудару қажеттілігі туындайды. Атауларға балама беру процесінде олардың номинативтік, уәждемелік сипатына назар аудару маңызды. Құрылыс пен сәулет дамыған сайын өзгерістердің барлығы тілде таңбаланып отырады. Интеграцияның нәтижесінде дүниежүзі елдері сәулет өнері мен құрылыс саласы атаулары бір тілден бір тілге ауысып отырады. Осыған орай қазақ тіліндегі сәулет-құрылыс атаулары қалай таңбаланып жүр, терминдік немесе лексикалық мағынасын дәл бере алады ма, жаңа атаудың жасалуындағы уәждік белгілері қандай, қандай тәсілдер арқылы жасалатындығы қарастыру қажеттілігі туындайды.

Қоғамда тілдің коммуникативтік қызметін іске асыру үшін әрбір объект немесе зат, белгі, әрекеттің белгілі бір атауы болуы тиіс. Тілді меңгеру – ұзақ уақыт жүзеге асатын шығармашылық үдеріс, оның нәтижесі, ең алдымен, зат, құбылыс, іс-әрекет атауларын меңгеруден шығады. Заттың атауы қалай аталады, неге олай аталады сынды сұрақтар әр қоғамда бар, ал оған жауапты ономазиология немесе аталым теориясы бере алады. Аталым теориясы, ең алдымен, ойлаудың ұғымдық формаларының өзара арақатынасын, объективті шындықтың әр түрлі фрагменттеріне атаулардың қалай жасалатынын, бекітілетінін және таратылатынын анықтаумен байланысты.

Құрылыс-сәулет атауларының номинативтік және уәждемелік ерекшеліктерін анықтау үшін осы еңбектерді негізге ала отырып және басты нысан ретінде 2012-2014-жылдары дайындалған 30 томдық «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктің» 9-томы пайдаланылды. Осы еңбекте бұл атаулар түрлі жолдармен жасалған. Оның ішінде калькалау (тікелей калька, жартылай калька), синтетикалық, аналитикалық және лексика-семантикалық тәсілдермен жасалған жаңа терминдерді кездестіреміз.

Аналитикалық		Синтетикалық		Аударылмаған	Лексика-семантикалық
Тікелей калька	Жарт. калька	Тікелей калька	Жарт. калька		
5389	2829	921	56	733	74
Әуе ағыны (струя воздушная)	Керосинқұбыр (керосинопровод)	Иіссіздендіру (дезодорация)	Активсіздендіру (дезактивация)	Блок Витрина Вилла Декор Демонтаж Кафель Канон	Ердіңгек (атлант) Жай (помещение) Жақпартас (глыба)
Ерітпе су (вода растворенная)	Көгал (газон) Көздеуіш (визир)	Көрініс (панорама, вид)	Аморфтық		Зертас (глазурь)
Инесүзгі (иглофильтр)	Көгалдандыру (озеленение)	Кернеу (напряжение)	Калибрлеу (калибрование)		Кенерелік (плинтус)
Кесектас (камень бутовый)	Қожбетон (шлакобетон)		Иониктер (ионики)		

Аталған сөздікке талдау жасау барысында сөздердің жасалуына тоқталып, статистикалық сараптама жүргізіп, мынадай нәтижеге қол жеткіземіз: тікелей калька арқылы аналитикалық тәсілмен жасалған сөздер саны – 5389; жартылай калька, аналитикалық тәсілмен жасалған сөздер – 2829; тікелей кальканың синтетикалық тәсілімен жасалғаны – 921; ал жартылай калька арқылы синтетикалық тәсілмен жасалғаны – 56 және лексика-семантикалық жолмен жасалған сөздер саны – 74. Ал қалған 733 атаудың қазақша баламасы мүлдем жоқ. Бұл өте үлкен көрсеткіш, бұл мөлшер көбейе беретін болса, қазақ тілі мен терминологиясының болашағы үшін қауіп төндіретін анық. Сонымен қатар, жартылай калька арқылы жасалған атаулардың мейілінше аз болғаны жөн болар еді.

Бұдан бөлек айта кететін тағы бір мәселе, осы жасалу тәсілдерді зерттеу барысында бірқатар олқылықтарға тап болдық.

Атап айтқанда:

1) Төмендегі кестедегі атаулардың қазақша балаламасы болса да, аударылмай, түпнұсқада берілген.

Сөздікте берілген нұсқасы	Негізгі бар баламасы
Аппарат	Құрылғы
Амбар	Қамба
Ателье	Тігінхана
Бассейн	Хауыз
Буфет	Асхана
Витрина	Сөре
Гараж	Көлікжай
Душ	Себезгі
Госпиталь	Емхана
Лифт	Жеделсаты
Макет	Пішін

Сонымен бірге, бұдан бөлек «бригада» мен «слюда» атаулары әлі күнге дейін аударылмаған. Ал Н. Қаратышқановтың «Пән сөздері» (1927) сөздігінде «бригадаға» «қозар» деп, «слюдаға» «қабыршақтас» деп ұтымды балама берген. Қазіргі таңда неге осы қазақша атауларды қолданысқа енгізбеске?

Осындағы слюда деген не? Н. Қаратышқановтың ұсынған қабыршақтас термині слюданы қаншалықты дұрыс аша алады? «Қабыршақтас» атауы аналитикалық тәсіл арқылы, яғни, екі түбір сөздің бірігуі арқылы жасалып тұр (қабыршақ + тас). Мұндағы «қабыршақ» сөзінің қолданылуына негіз болған белгілерге тоқталсақ:



Қабыршақтас (слюда).

«Қабыршақ (squama) – балықтардың, бауырымен жорғалаушылардың, құстардың және кейбір сүтқоректілердің тері қаңқасының метамерлі қатты тақташықтары (пластинкалары)» [2, 19 б.].

«Слюдой называют группу *слоистых* силикатов вулканического происхождения, образовавшихся путем кристаллизации. Некоторые виды появились в ходе *метаморфизма* горных пород» [3, 7 б.]. Яғни мұндағы бірінші белгісі қабатының (слой) болуы «қабыршақтас» деп аталуына уәж болып тұр. Сонымен қатар анықтамада айтылғандай, слюда – метаморфизм арқылы пайда болады. Ал аймақтық метаморфизмде жылудың, қысымның, ерітінділердің әсерінен тақташықтар (пластинкалар) пайда болады. Демек, бұл процес те «қабыршақтас» аталуына себеп болады.

1) Кәсіби сөздердің дұрыс аударылмауы. Мысалы, «давление эффективное» сөзін «әсерлі қысым» деп берген. «Әсерлі» сөзі орыс тілінің «впечатляющеем» сөзімен сәйкес келеді. Бұл сөздің өн бойында экспрессивті-эмоционалды мән басым. Біз оның орына балама ретінде «өтімді қысым» деген атауды ұсынар едік.

«Раздвоение» сөзін «қосарлау» деп қате аударған. Оның орнына «екіге бөліну» деп аудару керек еді. Ал «қосарлау» сөзі «удваивать» деген мағынаны береді.

«Колодец смотровой» сөзі сөздікте «байқау құдығы» деп беріліпті. «Байқау» сөзі көбінесе «жарыс», «сайыс» немесе «аңдау», «көріп қалу» мағыналарында қолданылады. Ал бұл кәсіби сөз үшін «бақылау құдығы» деген атау берген дұрысырақ.

«Колодец лестничный» сөзін «баспалдақ құдығы» деген аударған. Мұндағы қателік мағыналық құрылымында. Баспалдақта құдық болуы мүмкін емес. Дұрысы «басқышты құдық».

Тікелей калькамен аударылған келесі бір сөз, «Дутики» сөзінің аудармасы – «Бұртима». «Бұртима» сөзінің өн бойында эмоционалдық мән басым. Оның орнына «сыоақ ақауы» деген балама берген жөн.

«Винт с головкой» сөзіне берген балама «басты бұранда» екен. Бұл аудармадағы «басты» сөзі «головка» емес, «главное» мағынасын беріп тұр. Ал негізінен «головка» сөзінің қазақша баламасы – бастиек. Сондықтан бұл терминге орысша-қазақша аударма сөздігінде берілген баламаға сүйене отырып «бастиекті бұранда» деген атауды ұсынар едік.

«Инъектирование раствора» сөзінің баламасын «езіндіні инъекциялау» деп берген. Бұл жердегі «раствор» сөзін «ерітінді» деп берудің орнына «езінді» деп аударған.

«Лопатка» сөзінің баламасы ретінде «күрекше» деп беруге болатын еді. Алайда сөздікте «жауырындық» деп аударылған.

Келесі бір өзекті мәселенің бірі атау беруде фразеологизмнің қолданылуы. Мысалы, «раскладка» сөзін «жайып салу» деп аударыпты. Бұл балама терминологиялық шартқа қайшы келмей ме? Себебі термин болудың ең басты белгілері:

- терминнің бірмағыналылығы;
- стильдік жағынан бейтараптығы және экспрессияның жоқтығы.

Ал бұл тікелей калька арқылы жасалған баламаның өн бойында бір емес, екі мағына жатыр. Соның бірі әрі доминаты – фразеологиялық мағынасы (жайып

салу – бір нәрсені жария ету, айтып салу). Ал фразеологиялық мағынаның өзі экспрессияға ие.

2) Түпнұсқаға қазақша морфеманың жалғануы арқылы ғана берілуі (жартылай калька). Мысалы, лактау, ландшафттану, масштабтылық, металдану, модельдеу (моделирование), модулдық (модульность), монтажшы (монтажник), душ кабинасы, динамикалық зондтау, дорикалық ордер, гидротехникалық тоннельдер, газ арматурасы, вакуумдық конденсатор, бетонды мастика, мачта краны, т.б. Мұндағы атаулар қазақ тілінің ішкі заңдылығына сәйкес келмейді. Тіліміздің болашағы үшін және жалпыхалыққа түсінікті болу үшін бұл терминдерді қазақыландырған абзал.

3) Тағы бір олқылық – грамматикалық қателіктердің орын алуы. Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған атауларда сөз бен сөзді байланыстыруда морфемалардың дұрыс қолданылмауы, синтаксистік конструкцияның дұрыс берілмеуі. Мысалы,

фронтон лучковый – садақша маңдайша қабырға;

арка лучковая – садақша арка.

Бұл жерде «садақша», «маңдайша» сөздері заттың сынын білдіргендіктен, морфологиялық тұрғыда –лы жұрнағы жалғануы керек еді. Сонда бұл ұғымдар «садақшалы арка», «садақша маңдайшалы қабырға» болып, жалпыхалыққа да түсінікті лексика-семантикалық мағынаға ие болады.

Сол сияқты тағы да құрылыс-сәулет атауларына қатысты «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктен» «планка фризная паркетная» сөзін «Паркеттік маңдайша жұқатақтайша» деп, «свая пирамидальная» атауын «Пирамида қада» деп берген өте сауатсыз құрылған баламаларды кездестіреміз. Дұрысы, «планка фризная паркетная» сөзінің аудармасы «паркет маңдайшалы жұқатақтайша», ал «свая пирамидальная» атауының баламасы «пирамидалы қада» болуы керек.

Зерттеу жұмысында жасалған талдау жұмыстарының нәтижесі қазіргі қазақ тіліндегі, оның түрлі салаларындағы, соның ішінде сәулет және құрылыс саласындағы терминдерді зерттеп-саралау және оларды жіктеу осы зерттеу жұмысының өзектілігін анықтап берді. Бұл жағдай қазіргі таңдағы мемлекеттік мәртебесіне сәйкес әлеуметтік, қоғамдық, коммуникативтік қызметі ерекше өзектелу үстіндегі қазақ тіліндегі терминологиялық жүйеге де тікелей қатысты. Осы орайда қазіргі кездегі қазақ тіл білімі метатілінің бір құрамдас бөлігі, жеке бір терминологиялық жүйе – сәулет терминологиясын даралап, термин жүйесінің құрылымын, жаңа атаулар жасау жолдарын зерттеудің маңыздылығы өте зор. Осы жұмыста талданған бірқатар техникалық терминдер сөзжасам, терминжасам үлгісін қайта қарауға, өзгертуге және жақсартуға жол сілтейтін бағыт болады деп ойлаймыз.

Қолданған әдебиеттер тізімі

1 Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – Алматы, 1991.

2 Бәйімбет Ә. «Ихтиология негіздері». 1-бөлім. – Алматы, 2005. – 29 б.

3 Дубовик М.М., Либман Э.П. Две жизни чудесного камня: Из истории слюдяного промысла в России. – М.: Недра, 1966. – 188 с.

4 Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. – Алматы: «ҚазАқпарат» баспа корпорациясы, 2014. – 448 б.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ
NATURAL SCIENCE

FTAMP 87.17.02

ІРІ ИНДУСТРИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚТАРДЫҢ БІРІ ТЕМІРТАУ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫНЫҢ АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНА ТАЛДАУ

Ж.А. Шайзадаева

Магистрант, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Г.М. Тыкежанова

Б.ғ.к., доцент, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Теміртау – өзінің жер қойнауының байлығымен әйгілі, республикамыздың ірі индустриялды орталығы, қара металлургияның алыбы болып табылатын қала. Сонымен бірге, Қарағанды облысы да Республиканың ең ірі өнеркәсіптік облыстарының бірі болып табылады.

Жалпы, Теміртау қаласының барлық аумақтары қоршаған орта жоғары дәрежеде техногендік әсерлерге ұшырап, өмір сүруге жайсыз орта қалыптасып жатқандығы белгілі. Бұл қоршаған ортаға, оның ішінде атмосфералық ауада, суда және топырақта ауыр металдар деңгейі қалыпты гигиеналық шамадан жоғары мөлшерде шоғырлануы себебінен болуы мүмкін.

Түйін сөздер: Теміртау, экология, атмосфералық шығарындылар, ластаушы заттар, кәсіпорындар.

Теміртау – өзінің жер қойнауының байлығымен әйгілі, республикамыздың ірі индустриялды орталығы, қара металлургияның алыбы болып табылатын қала. Сонымен бірге, Қарағанды облысы да Республиканың ең ірі өнеркәсіптік облыстарының бірі болып табылады.

Жалпы, Теміртау қаласының барлық аумақтары қоршаған орта жоғары дәрежеде техногендік әсерлерге ұшырап, өмір сүруге жайсыз орта қалыптасып жатқандығы белгілі. Бұл қоршаған ортаға, оның ішінде атмосфералық ауада, суда және топырақта ауыр металдар деңгейі қалыпты гигиеналық шамадан жоғары мөлшерде шоғырлануы себебінен болуы мүмкін.


2019 жылы Қарағанды облысында Статистика комитетінің деректеріне сәйкес стационарлық көздер саны 12 759 бірлікті құрады, бұл 2018 жылға қарағанда 4 168 бірлікке аз (16 927 бірлік). Облыстың ауа бассейнінің ластану деңгейі негізінен 17 ірі кәсіпорын бойынша анықталады [1, 2 б.].

Қоршаған ортаның ірі ластауыштары болып келесілер табылады:

– көмір өнеркәсібі кәсіпорындары («АрселорМиттал Теміртау» АҚ, «ШұбаркөлКөмір» АҚ);

- пайдалы қазбаларды өндіру кәсіпорындары («Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС, «Жәйрем КБК» АҚ, «Нова-Цинк» ЖШС, «Қазхром» АҚ);
- жылу энергия орталығының қазандық қондырғылары («ҚарағандаЭнергоцентр» ЖШС (1-ЖЭО, 3-ЖЭО);
- құрылыс материалдарын өндіретін кәсіпорындар («ЦентралАзияЦемент» АҚ);
- жылу энергетика саласының кәсіпорындары («Қазақмыс Энерджи» ЖШС);
- металлургия өнеркәсібі кәсіпорындары («Қазақмыс Смэлтинг» ЖШС, «Теміртау электр металлургиялық комбинаты» АҚ);
- автомобиль көлігі [3].

Статистика комитетінің деректеріне сәйкес, 2019 жылы стационарлық көздерден шығарындылар көлемі 641,3 мың тоннаны құрады, 2018 жылы шығарындылар көлемі – 587,5 мың тоннаны құрады. 2019 жылы шығарындылардың артуы байқалады және тұтастай алғанда шығарындылар көлемі тұрақты жоғары деңгейде сақталады [1, 2 б.].



Сурет 1. Стационарлық көздерден шығарындылар көлемі (мың тонна).

Сонымен қатар, Қарағанды облысындағы негізгі ластауыш заттар көміртек тотығы, күкіртті ангидрид, азот тотықтары және қатты заттар болып табылады [1, 2 б.].

Кесте 1. Атмосфералық ауаға негізгі ластауыш заттар шығарындыларының көлемі.

Шығарындылар	2018 ж. (мың т.)	2019 ж. (мың т.)
Күкіртті ангидрид	251,0	287,1
Азот тотықтары	44,6	52,7
Қатты заттар	120,7	122,0
Көміртегі тотығы	149,1	158,3

Көмірсутектер мен сұйықтардың сығылғыштық адиабаталық коэффициенттерін және оларда тарайтын серпімді толқындар жылдамдықтарының қалыпты қысымда температураға тәуелділігін зерттеп, анықтаудың теория мен практикада алатын орны ерекше. Өйткені, көмірсутектері техникалардың, әртүрлі қондырғылардың механизмдерінің жұмыс істеу сапалары мен тиімділіктерін арттыру мақсатында жиі қолданылады. Техникалар еліміздің оңтүстік өңірден солтүстік өңірге дейін жұмыс істейді. Демек, олардағы бөлшектердің сапалы жұмыс істеуіне температура ықпалын тигізеді. Соынмен қатар зерттелетін сұйықтардың жылу сыйымдылықтарының температураға тәуелділігін және Дебай температурасын, энергетикалық күйлерін сипаттайды. Тәжірибе жүзінде өлшенген параметрлерді пайдаланып, сұйықтардың салыстырмалы көлемдік жылулық ұлғаю коэффициенттерінің температураға, тәуелділігін анықтай аламыз. Демек, температураға байланысты сұйық көлемінің ұлғаюы практикада жиі қолданылады. Мысалы, термометрлер мен тізбекті автоматты түрде қосып ажырату үшін қолданылады.

Түйін сөздер: серпімді толқындар, пьезоэлемент, адиабаталық үдеріс, импульстік қондырғы, ультрадыбыс.

Мақалада мұнай өнімдерінің (мазут, қозғалтқыш майы, авиациялық бензин) сығылғыштық коэффициенттеріне температураның әсерін зерттеу мақсатында импульсты ультрадыбысты қондырғы жинастырып, оны жақсы зерттелген сұйықтық арқылы (су) сынақтан өткіздік. Зерттелетін үлгі құйылатын ыдыс ретінде термосты қолдандық. Сұйықтардың температуралары бір-бірімен электронды схемалар мен байланысқан айнымалы тоқ көзінен, температура реттегіштен және термोजұп пен қыздырғыштан тұратын жүйенің көмегімен өлшенді. Дьюардың жоғары жағындағы қақпағына бекітілген өзекшенің ұшына клей арқылы резонанстық жиілігі 5 МГц кварцтан жасалған

пьезоэлемент жапсырылды. Бір пьезоэлемент серпімді толқынды шығаратын көз және айнадан шағылған толқынды қабылдайтын қабылдағыштың ролін атқарды. Дьюардың төменгі жағында сұйықтың ішінде пьезоэлементке параллель шағылдырғышайна орналасқан. Олардың бір-бірінен арақашықтықтары тұрақты [1]. Жылдамдық мына формуламен есептелді: [1, 2, 3, 4].

$$\vartheta_{\text{кума}} = \frac{2l}{t} (1)$$

Мұндағы, l айна мен пьезоэлементтің арақашықтығы, толқынның айнаға және қайтып пьезоэлементке дейінгі жолды жүргізуге кеткен уақыт. Пьезоэлементтен шыққан және айнадан шағылып пьезоэлементке қайта жеткендегі кешіогу уақыты сигналдарды бір-бірімен (осциллографта) беттестіру арқылы анықталды [5]. Ал тығыздықтың температура бойынша өзгерісі арнайы ыдыстарды ареометрлердің көмегімен өлшенді. №1 кестеде су тығыздығының, онда таралатын кума толқынының және адиабаталық сығылғыштық коэффициентінің температураға тәуелділігі келтіріген. Адиабаталық сығылғыштық төмендегі формуламен есептелді [6].

$$\gamma_3(T) = \frac{1}{\rho(T)\vartheta^2 c T} (2)$$

Кесте 1. Су.

T, K	$\rho = 10^3 \frac{\text{кг}}{\text{м}^3}$	$\vartheta_{\text{кума}} \times 10^4 \frac{\text{м}}{\text{с}}$	$\gamma_3 \times 10^{-10} \frac{\text{м}^2}{\text{Н}}$
300	0,992	0,158	4,180
310	0,987	0,156	4,205
320	0,984	0,153	4,230
330	0,980	0,150	4,242
340	0,976	0,145	4,250
350	0,971	0,141	4,274
360	0,966	0,135	4,300
370	0,960	0,129	4,336

Біздің алған нәтижелер анықтамадан алынған нәтижелерден айырмашылықтары шамалы. Яғни, қондырғымызды зерттеу жұмыстарына қолдануға болады.


Кесте 2. Мазут.

T, K	$\rho = 10^3 \frac{\text{кг}}{\text{м}^3}$	$\vartheta_{\text{кума}} \times 10^4 \frac{\text{м}}{\text{с}}$	$\gamma_s \times 10^{-10} \frac{\text{м}^2}{\text{Н}}$
300	0,910	0,112	9,090
310	0,903	0,108	10,000


320	0,897	0,104	10,416
330	0,891	0,100	11,235
340	0,885	0,096	12,345
350	0,879	0,092	13,698
360	0,872	0,088	14,925
370	0,866	0,084	16,650
380	0,860	0,080	18,181
390	0,854	0,076	20,408
400	0,847	0,071	22,678

Кесте 3. Авиациялық бензин.

Т, К	$\rho = 10^3 \frac{\text{кг}}{\text{м}^3}$	$\vartheta_{\text{кума}} \times 10^4 \frac{\text{м}}{\text{с}}$	$\gamma_s \times 10^{-10} \frac{\text{м}^2}{\text{н}}$
300	0,740	0,126	83,20
310	0,731	0,123	89,102
320	0,723	0,120	93,400
330	0,714	0,117	100,00
340	0,706	0,114	102,040
350	0,698	0,111	107,526
360	0,689	0,108	114,942
370	0,681	0,105	121,951
380	0,672	0,102	131,578
390	0,664	0,099	140,845
400	0,652	0,996	151,515



Сызба 1. Мазуттың сығылғыштық коэффициентінің температураға тәуелділігі.



Сызба 1. Авиациялық бензиннің адиабаталық сығылғыштық коэффициентінің температураға тәуелділігі.

Келтірілген кестелер мен графиктерден зерттеліп отырған үлгілердің температура артқанда тығыздығы мен ондағы қума толқын жылдамдығының кемитіндігін, ал адиабаталық сығылғыштық коэффициенттерінің артатындығы байқалады. Олардың араларындағы $\rho = \rho(T)$, $\vartheta = \vartheta(T)$, $\gamma_s = \gamma(T)$ тәуелділіктерін сызықты деп есептеп аламыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Кикоин И.К., Кикоин А.К. Молекулярная физика. – М.: «Высшая школа», 2001.
- 2 Савельев И.В. Молекулярная физика и термодинамика. – М.: «Наука», 2001.
- 3 Кухлинг Х. Справочник по физике. – М.: «Мир», 1982.
- 4 Бижігітов Т., Актаев Е. Молекулалық физика. – Алматы, «Экономика», 2017.
- 5 Бижігітов Т., Аманбаева А., Жамашева Э., Төлеген П. Металдардың серпімділік модульдерінің температураға тәуелділігін тәжірибе жүзінде зерртеу әдістері. Қазіргі заманғы ғылым мен білім берудің жағдайы және болашақтағы дамуы. Халықаралық ғылыми конференция материалдар жинағы. Қарағанды. 25-26 ақпан 2021.
- 6 Бижігітов Т. Жалпы физика курсы: – Алматы, «Экономика», 2013.

ГРНТИ 27.29.19

СУЩЕСТВОВАНИЕ РЕЗОЛЬВЕНТЫ ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНОГО ОПЕРАТОРА ВТОРОГО ПОРЯДКА В НЕОГРАНИЧЕННОЙ ОБЛАСТИ

В.А. Ким

Магистрант, Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз

С.А. Кенесбаева

Магистрант, Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз

М. Муратбеков

Профессор, Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз

Как известно, спектральные вопросы для дифференциальных операторов гиперболического типа с сильно растущими и колеблющимися коэффициентами можно свести преобразованием Фурье к изучению оператора Штурма-Лиувилля с отрицательным параметром. В работе рассмотрен вопрос существования резольвенты одномерного оператора Шредингера в неограниченной области. Полученные результаты представляют теоретический интерес и могут найти применение в спектральной теории дифференциальных операторов гиперболического типа и в других разделах математической физики.

Ключевые слова: дифференциальный оператор, оператор Шредингера, резольвента, решение, неограниченная область.

Рассмотрим одномерный оператор Шредингера

$$l_t u = -u''(y) + (-t^2 + itb(y) + q(y))u, \quad u \in D(l_t), \quad (1)$$

где t – параметр $-\infty < t < +\infty$.

Заметим, что при $t=0$ поведения функций из области определения оператора Штурма-Лиувилля $l_0 \equiv -\frac{d^2}{dy^2} + q(y)$ сильно зависят от свойств коэффициента $q(y)$ на бесконечности. В данном случае дифференциальные свойства оператора Штурма-Лиувилля (одномерного оператора Шредингера) достаточно хорошо изучены в следующих работах авторов: А.М. Молчанова [1], Э.Ч.Титчмарша [2], Т.Като [3], А.Г.Костюченко [4], В.Г.Мазьи [5], В.А.Ильина [6], М.А.Шубина [7], В.Г.Мазьи, М.Отелбаева [8] и др.

Здесь отметим, что при $|t| \rightarrow \infty$ получим $-t^2 \rightarrow \infty$. Следовательно для оператора (1) при $t \neq 0$ возникает совершенно иная ситуация по сравнению с оператором Штурма-Лиувилля l_0 ($t = 0$). Методы отработанные для оператора l_0 ($t = 0$) оказываются малоприспособленными для оператора l_t (1) ($t \neq 0$). Отсюда и из вышеуказанного следует, что для одномерного оператора Шредингера с отрицательным параметром остались не исследованными или практически остались в стороне следующие вопросы о существовании ограниченного обратного оператора.

Подготовительные леммы и оценки

Рассмотрим оператор

$$(l_t + \lambda I)u = -u''(y) + (-t^2 + itb(y) + q(y) + \lambda)u$$

первоначально определенный на множестве $C_0^\infty(R)$.

Нетрудно проверить, что оператор $l_t + \lambda I$ допускает замыкание в пространстве $L_2(R)$, которое обозначим также через $l_t + \lambda I$.

Лемма 1.1. Пусть выполнено условие i). Тогда при $\lambda \geq 0$ для всех $u \in D(l_t)$ справедлива оценка:

$$c(\delta) \cdot \|(l_t + \lambda I)u\|_2 \geq (\delta + \lambda)^{1/2} \|u\|_2, \quad (2)$$

где $\|\cdot\|_2$ – норма в пространстве $L_2(R)$, $c(\delta) > 0$.

Возьмем набор $\{\varphi_j\}$ – неотрицательных функций из $C_0^\infty(R)$ таких, что

$$\sum_j \varphi_j^2 \equiv 1, \sup p \subset \Delta_j, \bigcup_{\{j\}} \Delta_j = R,$$

где $\Delta_j = (j-1, j+1)$, $j \in Z$.

Замечание. Нетрудно проверить, что в системе функций $\{\varphi_j\}_{j=-\infty}^{j=\infty}$ носители имеют не более трехкратное пересечение, т.е. любая точка $y \in R$ может принадлежать не более чем трем отрезкам из системы отрезков $\{\sup p \varphi_j\}$.

Продолжим $b(y)$, $q(y)$ из Δ_j на все R так, чтобы их продолжения $b_j(y)$ и $q_j(y)$ были ограниченными и периодическими функциями одного и того же периода.

Обозначим через $l_{t,j,\alpha} + \lambda I$ замыкание оператора

$$(l_{t,j,\alpha} + \lambda I)u = -u''(y) + (-t^2 + it(b_j(y) + \alpha) + q_j(y) + \lambda) \cdot u \quad (3)$$

определенного на $C_0^\infty(R)$, где знак вещественного числа α совпадает со знаком функции $b(y)$, т.е. $\alpha \cdot b(y) > 0$ при $y \in R$.

Лемма 1.2. Пусть выполнено условие $i)$. Тогда при $\lambda \geq 0$ для всех $u \in D(l_{t,j,\alpha})$ справедлива оценка в пространстве $L_2(R)$:

$$c(\delta) \cdot \| (l_{t,j,\alpha} + \lambda I) u \|_2 \geq (\delta + \lambda)^{1/2} \| u \|_2, \quad (4)$$

где $c(\delta) > 0$.

Лемма 1.3. Оператор $l_{t,j,\alpha} + \lambda I$ при $\lambda \geq 0$ имеет непрерывный обратный оператор $(l_{t,j,\alpha} + \lambda I)^{-1}$ определенный на всем $L_2(R)$.

Лемма 1.4. Пусть выполнено условие $i)$. и $\lambda \geq 0$. Тогда справедливы следующие неравенства:

$$a) \| (l_{t,j,\alpha} + \lambda I)^{-1} \|_{2 \rightarrow 2} \leq \frac{c}{(\delta + \lambda)^{1/2}}, \quad c = c(\delta) > 0;$$

$$б) \left\| \frac{d}{dy} (l_{t,j,\alpha} + \lambda I)^{-1} \right\|_{2 \rightarrow 2} \leq \frac{c}{(\delta + \lambda)^{1/4}}, \quad c > 0.$$

Лемма 1.5. Пусть выполнено условие $i)$. и $\lambda \geq 0$. Тогда для всех $u \in D(l_{t,\alpha} + \lambda I)$ имеют места неравенства

$$\| (l_{0,\alpha} + \lambda I) u \|_2 \geq (\delta + \lambda) \cdot \| u \|_2 \quad (5)$$

$$\| (l_{t,\alpha} + \lambda I) u \|_2 \geq |t|(\delta_0 + |\alpha|) \cdot \| u \|_2, \quad t \neq 0 \quad (6)$$

Положим

$$K_{\lambda,\alpha} f = \sum_{\{j\}} \varphi_j (l_{t,j,\alpha} + \lambda I)^{-1} \varphi_j f, \quad (7)$$

где $f \in L_2(R)$, $\{\varphi_j\}$ – набор функций из $C_0^\infty(R)$ таких, что

$$\sum_j \varphi_j^2 \equiv 1, \quad \sup p \subset \Delta_j, \quad \bigcup_{\{j\}} \Delta_j = R, \quad \Delta_j = (j-1, j+1), \quad j \in Z, \quad l_{t,j,\alpha} + \lambda I \text{ - оператор из}$$

леммы 1.2.

Нетрудно убедиться, что

$$(l_{t,\alpha} + \lambda I) K_{\lambda,\alpha} f = f - B_{\lambda,\alpha} f, \quad (8)$$

где

$$B_{\lambda,\alpha} f = \sum_{\{j\}} \varphi_j'' (l_{t,j,\alpha} + \lambda I)^{-1} f + 2 \sum_{\{j\}} \varphi_j' \frac{d}{dy} (l_{t,j,\alpha} + \lambda I)^{-1} \varphi_j f.$$

Лемма 1.6. Пусть выполнено условие $i)$. Тогда найдется число $\lambda_0 > 0$ такое, что

$$\|B_{\lambda,\alpha}\|_{2 \rightarrow 2} < 1 \text{ при всех } \lambda \geq \lambda_0.$$

Лемма 1.7. Пусть выполнено условие $i)$. Тогда оператор $l_{t,\alpha} + \lambda I$ при $\lambda \geq \lambda_0 > 0$ ограниченно обратим, причем для обратного оператора $(l_{t,\alpha} + \lambda I)^{-1}$ выполняется равенство

$$(l_{t,\alpha} + \lambda I)^{-1} = K_{\lambda,\alpha}(E - B_{\lambda,\alpha} f)^{-1} \quad (9)$$

Эти леммы доказываются точно также как леммы работ [9-10].

Ограниченная обратимость одномерного оператора Шредингера с отрицательным параметром.

Теперь, рассмотрим вопрос об обратимости исходного оператора $l_t + \lambda I$. Для этого рассмотрим следующее уравнение:

$$(l_t + \lambda I)u = -u'' + (-t^2 + itb(y) + q(y) + \lambda)u = f(x) \quad (10)$$

где, $f(x) \in L_2(R)$.

Определение. Решением уравнения (10) назовем функцию $u \in L_2(R)$, для которой существует последовательность $\{u_n\}_{n=1}^\infty \subset C_0^\infty(R)$ такая, что

$$\|u_n - u\|_2 \rightarrow 0, \|(l_t + \lambda I)u_n - f\|_2 \rightarrow 0 \text{ при } n \rightarrow \infty.$$

Отсюда видно, что обратный оператор $(l_t + \lambda I)^{-1}$ совпадает с замыканием в $L_2(R)$ оператора $l_t + \lambda I$ определенного на $C_0^\infty(R)$.

Лемма 1.8. Пусть выполнено условие $i)$. Тогда оператор $l_t + \lambda I$ при $\lambda \geq \lambda_0 > 0$ ограниченно обратим, причем для обратного оператора $(l_t + \lambda I)^{-1}$ выполняется равенство

$$(l_t + \lambda I)^{-1} f = (l_{t,\alpha} + \lambda I)^{-1} (I - A_{\lambda,\alpha})^{-1} f \quad (11)$$

где, $f \in L_2(R)$, $\|A_{\lambda,\alpha}\|_{2 \rightarrow 2} < 1$.

Доказательство. Пусть $t \neq 0$. Уравнение

$$(l_t + \lambda I)u = -u'' + (-t^2 + itb(y) + q(y) + \lambda)u = f \quad (12)$$

перепишем в виде

$$v - A_{\lambda,\alpha} v = f \quad (13)$$

где $v = (l_{t,\alpha} + \lambda I)u$, $A_{\lambda,\alpha} = it\alpha(l_{t,\alpha} + \lambda I)^{-1}$, $i^2 = -1$. Из леммы 1.5 вытекает, что

$$\|A_{\lambda,\alpha} v\|_2 \leq \frac{|t| \cdot |\alpha|}{|t|(\delta_0 + |\alpha|)} < 1 \quad (14)$$

Из (12)-(14) следует, что

$$u = (l_t + \lambda I)^{-1} f = (l_{t,\alpha} + \lambda I)^{-1} (I - A_{\lambda,\alpha})^{-1} f$$

при $t \neq 0$.

Как известно, что при $t = 0$ оператор существенно самосопряжен [11], и для всех $u \in D(l_0)$ справедлива оценка

$$\|(l_0 + \lambda I)u\|_2 \geq (\delta + \lambda) \cdot \|u\|_2$$

Отсюда следует, что оператор $l_0 + \lambda I$ имеет ограниченный обратный оператор $(l_0 + \lambda I)^{-1}$ определенный на всем $L_2(R)$. Лемма 1.8 доказана.

Лемма 1.9. Пусть выполнено условие $i)$. и пусть $\lambda \geq 0$. Тогда для всех $u \in D(l_t)$ справедливы оценка:

$$\begin{aligned} \|(l_0 + \lambda I)u\|_2 &\geq \delta \|u\|_2, \\ \|(l_t + \lambda I)u\|_2 &\geq |t| \cdot \delta_0 \cdot \|u\|_2, \quad t \neq 0. \end{aligned}$$

Доказательство. Лемма 1.9 доказывается точно также как лемма 1.5.

Следующая лемма известно [11]:

Лемма 1.10. Пусть оператор $l_t + \lambda_0 I$ ($\lambda_0 \geq 0$) ограниченно обратим в $L_2(R)$ и при $\lambda \in [0, \lambda_0]$ для всех $u \in D(l_t + \lambda I)$ выполнена оценка

$$\|(l_t + \lambda I)u\|_2 \geq c \cdot \|u\|_2,$$

$c > 0$ - постоянное число.

Тогда оператор $l_t : L_2(R) \rightarrow L_2(R)$ также ограниченно обратим.

Из лемм 1.8-1.10 легко выводится следующая теорема:

Теорема 1.3. Пусть выполнено условие $i)$. Тогда оператор $l_t + \lambda I$ при $\lambda \geq 0$ ограниченно обратим в пространств $L_2(R)$.

Литература

1 Молчанов А.М. Об условиях дискретности спектра самосопряженных дифференциальных уравнений второго порядка // Труды Московского математического общества. – 1953. – Т.2. – С.169-200.

- 2 Титчмарш Э.Ч. Разложения по собственным функциям, связанные с дифференциальными уравнениями второго порядка. – М.: ИЛ. 1961. – Т.1,2. – 278 с.
- 3 Като Т. Теория возмущений линейных операторов. – М.: Мир. – 1972. – 740с.
- 4 Костюченко А.Г., Саргсян И.С. Распределение собственных значений. – М.: Наука. – 1979 – 400 с.
- 5 Мазья В.Г. Пространство С.Л. Соболева. – Ленинград: Издательство ЛГУ. – 1985. – 401 с.
- 6 Ильин В.А. О характере спектра самосопряженных неотрицательных расширений эллиптических операторов и о точных условиях сходимости и рисовской суммируемости рядов Фурье в различных классах функций // Матем. заметки. – 1970. – Т.7, №4. – С. 515-523.
- 7 Шубин М.А. Псевдодифференциальные операторы и спектральная теория. – М.: Наука. 1978. – 280 с.
- 8 Мазья В.П., Отелбаев М. О теоремах вложения и спектре одного псевдодифференциального оператора // Сиб. мат. журнал. – 1977. – Т.18, №5. – С. 1073-1087.
- 9 Муратбеков М. Разделимость и оценки поперечников множеств, связанных с областью определения нелинейного оператора типа Шредингера // Диф.уравнения. – 1991. – Т.27, №6. – С.1034-1044.
- 10 Муратбеков М.Б. Two-sides estimates of the distribution function of s-values of a class of mixed type differential operators // Complex Variables and Elliptic Equations. – 2007. – Vol 52, №12. – P.1121-1144.
- 11 Ахиезер Н.И., Глазман И.М. Теория линейных операторов в гильбертовом пространстве. – М.: Наука, 1966.

ҒТАМР 27.17.29

ДӘРЕЖЕНІҢ ҚАСИЕТТЕРІНЕ ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ – ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛЫ

Ә.Т. Сағымбеков

Аға оқытушы, М.Х. Дулати атындағы ТаразӨУ, Тараз қ.

Қ.Ж. Сманов

Аға оқытушы, М.Х. Дулати атындағы ТаразӨУ, Тараз қ.

А.О. Сулеймбекова

Магистр, М.Х. Дулати атындағы ТаразӨУ, Тараз қ.

Орта білім саласында оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыру негізгі мәселердің бірі. Ол үшін оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін анықтау және оларды дамыту проблемаларын шешу болып табылады. Математика пәнің оқытуда тек кітап та берілген есептермен шектелмей, ой өрісті кеңейтуге ықпалы зор стандартты емес есептерді шығару маңызды. Демек, оқушылардың математикаға деген ойлау қабілеттерін арттыру үшін мұғалім, ең алдымен оқушылардың қабілеттеріне қарай қызығып шығаратын есептерді ептілікпен тандап алуы қажет. Мақалада стандартты және стандартты емес есептердің шығару жолдарын көрсете келіп, олардың айырмашылықтары мен ерекшеліктері қарастырылған. Ол үшін әр түрлі есептер алынып, шешімдеріне талдау жасалған.

Түйін сөздер: сарынды, саңылау, үйреншікті, ұшқыр ой, анализ және синтез.

Қазіргі уақытта орта мектептердің негізгі міндеттерінің бірі – оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін анықтау және оларды дамыту проблемаларын шешу болып табылады.

Оқушылардың жоғары математикалық мәдениетін қалыптастырудың негізгі жолы – әр түрлі есептерді шығару кезінде ұйымдастыра білу. Оқушылардың математикалық ой-өрісінің дамуы, олардың есеп шығара білуінен анық байқалатыны рас. Қиын да, қызықты да есептерді шығара білу – оқушылардан талмас еңбекті, зор күш пен табандылықты қажет етеді. Міне, осындай қасиеттердің барлығы да оқушылардың бойында есепке деген ынтасы оянғанда ғана күшейе және арта түседі.

Демек, оқушылардың математикаға деген ойлау қабілеттерін арттыру үшін мұғалім, ең алдымен оқушылардың қабілеттеріне қарай қызығып шығаратын есептерді ептілікпен тандап алуы қажет. Егер есеп, олардың қабілеттеріне сай емес, шамадан тыс қиындығы жоғары болса, онда оқушылардың есепке деген құштарлығы төмендеп, ары қарай есеп үйренуіне тежеу жасап, ынтасын қайтарады.

Кез келген жағдайда есептің шешімін болжау үшін есепке мұқият талдау жасалады. Біріншіден есепке керекті негізгі қасиеттерін, фигуралардың кеңістікте орналасуын, олардың ерекшеліктерін, ұқсас белгілерін т.б. ажырата білу керек. Оқушылардың математикалық ойлау қабілетін арттырудың ең тиімді әдісі – оларды анализ және синтез, салыстыру және ұқсастыру т.б. арқылы маңызды тәсілдермен қаруландыру болып табылады. Сондай тәсілдердің бірі – стандарт (үйреншікті) есептер мен стандарт емес есептерді салыстыра отырып шешу болып табылады.

Стандарт емес есептер оқушылардың ойлау қабілетін дамытады, ойлауға жетелейді және де есепке деген ынтасын, қызығушылығын арттырады. Стандарт емес есептер оқушылардың үйреншікті жолмен шығара салуына мүмкіндік бермейді. Демек, стандарт емес есептер оқушылардың математикалық ойлау қабілетін дамытудың негізгі қаралы болып табылады.

1) $2^2 \cdot 2$

2) $3^3 \cdot 3$

3) $5^n \cdot 5^n$ т.с.с. мұнда қарастырылған есептердің барлығы да бір сарынды есептер. Дәреженің қасиеттерін толық меңгерген оқушыларға бұл есептердің ешқандай қиындығы жоқ, жаттанды түрде шығара береді. Мұнда оқушы қосу, азайту амалын білсе болғаны. Мұндай үйреншікті есептер оқушылардың ары қарай ойлауына, математикалық ой-өрісінің дамуына, есепке деген ынтасының артуына ешқандай ықпалын тигізбейді. Мұнда біз, бір сарынды есептер «ойлауды қажет етпейді» деген ойдан аулақпыз. Әрине, ойлауды қажет етеді, бірақ белгілі бір деңгейде.

Міне, бір сарынды есептер оқушылардың ойлау қабілеттерін шектейді, белгілі бір деңгейде ұстап тұрады, деңгейден шығуына мүмкіндік туғызбайды. Жоғарыда айтылғандай, сыныптағы оқушылардың қабілеттері орташа, баяу (біртіндеп) дамитындар да – бәрі де сол деңгейде қалып қояды. Сол деңгейден (шекарадан) «саңылау» тауып, қабілетті (қалқада қалып қойған алтындарға) оқушыларға жол ашу, әріптестер, сіздер мен біздердің қолымызда екенін ұмытпауымыз керек! Ол үшін не істеуіміз керек?! Жауап берейік.

Ол үшін бірінші тақырыбымыз – дәреженің қасиеттеріне арналған стандарт емес есептерді құрастырудың әдістемелеріне көшейік:

1) стандарт емес есептер қалай құрастырылады?

2) стандарт (үйреншікті) және стандарт емес есептердің бір-бірінен айырмашылығы неде?

3) стандарт емес есептердің оқушылардың математикалық ойлау қабілеттерін дамытуға тигізетін әсері бар ма?

Бұл сұрақтарға жауап беру үшін, біз, әуелі (С.А. Теляковский 7-сынып алгебра оқулығындағы) №454 есептің төңірегінде ғана әңгіме қозғайық [4]. Есеп былай берілген:

Егер $a^2=m$ болса, онда $a^6=?$

Мұғалім, осы есепті шығарту алдында өзіне өзі сұрақ қоюы мүмкін болар! Қандай тәсілмен оқушыларды ойландыруға және қалай тестілеуге үйретуге болады? Стандарт емес есеп арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту үшін мұғалім алдымен есептің бес жауабын, оның ішінде біреуін «шын», ал қалғандарын «жалған» етіп қояды.

Сөйтіп, мұғалім осы есеп арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін арттыруға толық мүмкіндік жасауға әрекет жасайды. Енді есепті шешіп көрейік. Берілгені:

Егер $a^2=m$ болса, онда $a^6=?$ (Мұнда ізделінді $a^6=?$)

a) m^3 b) $-m^3$ c) m^2 d) 3 e) 1

Есептің бес жауабы берілген, оның ішінде біреуі «шын». Оқушы «шын» жауабын таба бастайды. Оқушы ол үшін a^6 -ның дәрежесін $(a^2)^3$ түріне келтіріп, a^2 мәнін орнына қояды. Сонда $a^6=(a^2)^3=m^3$ екендігі шығады. Демек, оқушы есептің жауабы а) екендігін анықтап, астын сызады. Жауабы: а [2].

Мұғалім, тағы да есептің шартын өзгертпей, ізділіндісін өзгерту арқылы оқушының ойлау әрекетін әр түрлі бағыттаудың бар мүмкіндігін туғызуға күш жұмсайды. Мысалы,

Егер $a^2=m$ болса, онда $a^{-2}=?$ (ізделінді a^{-2} дәрежесі)

a) $1/m$ b) m c) m^2 d) 2 e) -1

Мұнда дәреженің қасиетін жақсы білетін оқушы бірден 1жауабы а1 дейді. Өйткені, $a^{-2}=1/a^2=1/m$ болады. Яғни, жауабы а.

Сонымен, мұғалім ізделіндіні таңдап алуына байланысты, оқушылардың ойлау әрекетін әр түрлі бағыттарға мүмкіндіктер туғызатынына көз жеткізеді.

Ал, енді мұғалім, керісінше, ізделіндіні таңдап алу арқылы емес, есептің «шын» жауабын басқаша түрде беру арқылы да оқушылардың ой-өрісін әрі қарай бағыттау болатындығын байқайды [3]. Мысалы, алдыңғы есепті қарастырайық:

Егер $a^2=m$ болса, онда $a^{-2}=?$ (Ізделінді a^{-2} – дәрежесі)

a) m^2 b) m c) m^{-1} d) 2 e) 1

Мұнда, мұғалім есептің «шын» жауабы $1/m$ -нің орнына, оны өзгертіп m^{-1} түрінде беріп отыр.

Бұл жағдайда кейбір оқушылар есептің «шын жауабы жоқ» деп жауап беруі мүмкін. Өйткені, олардың есепті шығару бойынша $1/m$ ал, жауабында $1/m$ жоқ, бірақ, бұл есептің «шын жауабы» басқаша түрде (m^{-1}) беріліп тұр. Қабілетті оқушы есептің жауабын бірден с) деп жауап береді. Өйткені $m^{-1}=1/m$ болады. Жауабы: с.

Жоғарыда біз, алгебра оқулығындағы дәреженің қасиетіне байланысты бір стандарт емес есептің төңірегінде талдау жасадық.

Енді осы стандарт емес есептің төңірегінде бірнеше стандарт емес есептер қарастырайық. Стандарт емес есептерді құрастыру алдында,

оқушыларға бірден қиындығы жоғары есептер беруге асықпауымыз керек! Алдымен жеңілдеу, оларды толық меңгергеннен кейін біртіндеп стандарт емес есептерді қиындата беруімізге жол ашыла бастайды [1].

Мысалы:

Егер $2^n = a$ болса, онда $2^{2n} = ?$

a) a^5 b) a^4 c) a^3 d) a^2 e) 1

Шешуі: Ізделіндіні 2^{2n} дәрежесін, 2^n дәрежесімен байланыстырамыз. Сонда $2^{2n} = (2^n)^2 = a^2$ болады.

Жауабы: d.

Немесе, шын жауабын өзгертетін болсақ, онда

a) a^5 b) a^4 c) a^3 d) $1/a^{-2}$ e) 1 болады.

Мұнда «шын» жауабының орнында $1/a^{-2}$ тұр. Осылайша, ізделіндіні де, шын жауабын да өзгерту арқылы да көптеген әдістемелер қолдануымызға болады.

Мысалы: Егер $2^{-m+1} = b$ болса, онда $2^m = ?$

a) $2/b$ b) $5m$ c) $2b$ d) 7 e) 1

Шешуі: $2^{-m+1} = b$ $2^{-m} \cdot 2 = b$ $2^{-m} = b/2$ $2^m = 2/b$

Жауабы: a.

Мұнда ізделінді 2^{-m+1} , 8^{-m} , $(1/2)^m$, $(1/2)^{-m}$, $(1/2)^{-m+a}$ тағы сол сияқты өзгерте беруімізге болады.

Тағы да қиындығы жоғары стандарт емес есептерге мысалдар келтірейік.

Мысалы: Егер $2^n = 27$ және $2^m = 3$ болса, онда $m/n = ?$

a) 1 b) $1/2$ c) $1/3$ d) $1/4$ e) 1

Шешуі: 1) $2^n = 3^3$, 2) $2^m = 3$. Енді 2-теңдіктің екі жағын 3-ші дәрежеге шығарсақ, онда $2^{3m} = 3^3$ (3) болады. (1) және (3)-теңдіктердің оң жақтары тең болғандықтан, $2^n = 2^{3m}$ $n = 3m$ $m/n = 1/3$ болады.

Жауабы: c.

1) $4^x = 125$ және $8^y = 5$ болса, онда $\frac{2x-y}{y} = ?$

a) -8; b) 1; c) 8; d) -1; e) y. Осы жауаптардың ішінде біреуі дұрыс екені бізге белгілі. Есепті шешейік. Мұндағы ең назар аударатынымыз $4^x = 125$ пен $8^y = 5$ -ті байланыстыру.

Шешуі: $4^x = 5^3$ десек, 5-тің орнына 8^y -қоямыз. Сонда $4^x = (8^y)^3$ болады. Бұдан $2^{2x} = 2^{9y}$ шығады. Демек, $2x = 9y$. Енді ізделіндіге қоятын болсақ, онда

$$\frac{2x-y}{y} = \frac{9y-y}{y} = \frac{8y}{y} = 8. \text{ Яғни, жауабы c.}$$

2) $2^n = a$, $5^n = b$ болса, онда $20^n = ?$

a) a^3b ; b) ab^2 ; c) a^2b^3 ; d) a^2b ; e) ab

Шешуі: Мақсат, тек біреу $2^n = a$ пен $5^n = b$ -ны 20^n мен байланыстыруда. Демек, $20^n = (4 \cdot 5)^n = 4^n \cdot 5^n = a^2 \cdot b$ болады.

Жауабы d.

3) $a^{3b} = 8$, $a^{2b} = 3x - 11$ болса, онда $a^{bx} = ?$

a) 16; b) 24; c) 32; d) 36; e) y.

Шешуі: $a^{3b} = 8 \Rightarrow a^b = 2$ болады. Ал, $a^{2b} = (a^b)^2 = 4$

Яғни, a^{2b} -нің орнына қоятын болсақ, онда $4=3x-11$ шығады. Бұдан $x=5$. Демек, $a^{bx}=(a^b)^x=2^5=32$.

Жауабы с.

Есептерді әр түрлі етіп құрастыра беруге болады. Ол өзіміздің ізденуімізге байланысты деп ойлаймын. Мұндағы ең негізгі мақсат оқушылардың ойлау қабілетін дамыту болып табылады [6].

Төмендегі есептерді қарастырайық:

4) Егер $125^{2a}=m^3$, $25^{3b}=m^2$ болса, онда $\frac{a}{b}=?$ (немесе ізделіндіні

өздеріңіздің қалауларыңыз бойынша $a \cdot b^{-1}=?$, $\left(\frac{a}{b}\right)^2=?$, $b \cdot a^{-1}=?$, $\left(\frac{a}{b}\right)^x=?$ өзгерте беруге болады.

Ал, ізделіндіге байланысты есептің жауаптары өзгередіні белгілі.

а) $1/3$; б) $2/3$; в) $3/2$; д) 1 ; е) 3 .

Шешуі: $125^{2a}=m^3 \Rightarrow 5^{2a}=m$, ал $25^{3b}=m^2 \Rightarrow 5^{3b}=m$ болады

$5^{2a}=5^{3b} \Rightarrow 2a=3b$ шығады. Демек, $\frac{a}{b}=\frac{3}{2}$

Жауабы: в)

5) Егер $x=2001$, болса, онда $\frac{x^y - y^x}{y^x - x^y}=?$

а) $(2001^{2002})^{-1}$; б) $2002-2001$; в) $2001-2002$; д) 2^x ; е) 2^y .

Бұл есепті ойлау қабілеті күшті оқушы бірден есептейді де, ал, ойлау қабілеті төмен оқушылар x пен y -тің мәндерін қойып, микрокалькулярмен есептеймін деп, уақытын өткізіп отыра беретіні рас.

Шешуі: $\frac{x^y - y^x}{y^x - x^y} = -1$. Яғни, жауабы: в).

Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту бізге байланысты екені рас, ақиқат.

Демек, біздерге, мұғалімдерге ең қажетті нәрсе белгілі тақарапты өткенде, тек жана оқулықпен шектеліп қоймай, сол тапқырып төңірегінде кенейтіп беру, біз үшін парыз! Өйткені, ұшқыр ойлы оқушылардың алдындағы біздің аса зор баршымыз деп бағалаймын.

6) Егер $a^b=2$ болса, онда $a^{5b}-12=?$

а) 20 ; б) 21 ; в) 22 в) 23 ; д) 24 ; е) 0 .

Шешуі: $a^{5b}-12=(a^b)^5-12=2^5-12=32-12=20$.

Жауабы: а

7) Егер $3^n=4$ болса, онда $2^n=?$

а) $3^{\frac{n^2}{2}}$; б) n^2 ; в) n^3 ; д) 3 ; е) 1 .

Шешуі: $3^n=4 \Rightarrow 3^n=2^2 \Rightarrow 3^{n/2}=2$ болады.

Енді соңғы теңдіктің екі жағын n дәрежемен шығаратын болсақ, онда

$$2^n = 3^{\frac{n^2}{2}}$$

Жауабы: а

8) Егер $3^x=2$ және $3^y=16$ болса, онда $\frac{x+y}{x-y}=?$

a) $-5/3$; b) $5/3$; c) 5 ; d) 3 ; e) -1 .

Шешуі: $3^y=16 \Rightarrow 3^y=2^4 \Rightarrow 3^{y/4}=2$. Енді $3^x=2$ теңдігіндегі 2-нің орнына $3^{y/4}$ -ті қоямыз. Сонда $3^x=3^{y/4}$ болады. Бұдан $x=y/4 \Rightarrow y=4x$. Енді ізделіндідегі у-тің орнына $4x$ -ті қойсақ, онда ізделінді $\frac{x+y}{x-y} = \frac{x+4x}{x-4x} = \frac{5x}{-3x} = -\frac{5}{3}$ болады.

Жауабы: а.

Сөйтіп, жоғарыдағы есептердің төңірегінде олардың шарттарын немесе ізделінділерін өзгерту арқылы бірнеше есептер құрастыруға, қаншама әдіс-тәсілдерді өзіміз таңдап алуымызға толық мүмкіндігіміздің бар екеніне көз жеткіздік.

Қорыта айтқанда, оқушылардың математикалық ойлау қабілетін дамытудың бірден-бір жолы – әріптестер, өзіміздің тікелей ізденуімізге байланысты екені рас. «Бала, губка сияқты таза су құйсаң да сіңіріп алады, лай су құйсаң да сіңіріп алады» демекші, балаға не берсең де соны алады.

Құрметті ізденуші-оқырмандар, біз, бір ғана оқулықпен шектелмей, қолдағы бар мүмкіндіктердің бәрін пайдаланып, өз бетімізше ізденіп, оны толықтырып, кеңейте түсейік! Кітап – ғылымға бағыт берудің негізгі құралы, ал оны жаңартып, толықтырып отыру қазіргі уақыттың талабы. Ол баршамызға ортақ, борышты ісіміз деп есептеймін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Мұхамеджанов С. Математика 5-сынып, Атамұра, 2001.
- 2 Алдамұратов Т.А. Математика 6-сынып, Атамұра, 2002.
- 3 Әбілқасымов А.Е., Алгебра 7-сынып, Мектеп, 2005.
- 4 Теляковский С.А., Алгебра 7-сынып, Атамұра, 2004.
- 5 Баймұханов Б., Медеуов Е., Базаров Қ. Алгебра 8-сынып, Атамұра, 2004.
- 6 Әбілқасымов А.Е., Шойынбеков К.Д., Есенов М.И. Алгебра, 2004.
- 7 Макарычев Ю.Н., Миндюк Н.Г., Нешков К.И. Алгебра 9-сынып, 1997.

ГРНТИ 52.45.19

МЫСҚҰРАМДЫ КЕНДІ БАЙЫТУДЫҢ РЕАГЕНТТІК РЕЖИМІН ӘЗІРЛЕУ

А.А. Назарбаева

Магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ.

Р.М. Шляпов

Ғылыми жетекшісі, х.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ.

Түсті металл кендерін байытуда қолданылатын технологиялар үнемі жетілдіруді талап етеді, бұл кендердегі құнды компоненттердің азаюына және олардың минералды құрамының күрделенуіне байланысты. Қажетті тиімділікке қол жеткізудің маңызды шарты мысқұрамды кендерді флотациялық байыту ғылыми негізделген әдістер мен технологиялық модельге бағытталған алгоритмдерді қолдануды көздейтін процестер. Сондықтан жұмыстың мақсаты мыс кенін соның ішінде сульфидті кенін байыту үшін оңтайлы реагенттік және гидродинамикалық режимдерді әзірлеу болып табылады.

Түйін сөздер: түсті металл, технологиялық модельдер,

Технологиялық модельдер мен заманауи аналитикалық бақылау құралдарына негізделген оңтайландыру әдістері мен жүйелерін қолдану негізінде ұнтақтау және флотация процестерінің тиімділігін арттыру мәселесін шешудің перспективалық бағыты байыту процесінің экономикалық тиімділігінің критерийлерін қолдану болып табылады. Оңтайландырудың технологиялық және экономикалық өлшемдерінің үйлесуі кеннің заттық және минералдық құрамының, оны байытудың өзгеруіне байыту өндірісінің тиімділігін жалпы арттырудағы жекелеген технологиялық факторлардың маңыздылығын ескере отырып ден қоюға мүмкіндік береді [1].

Толық немесе бөлшектік факторлық эксперимент элементтері бар градиентті әдіспен флотациялық байытудың реагенттік режимдерін таңдау кезінде бірнеше пайдалы компоненттердің болуымен және алынған концентраттар сапасының олардың түпкілікті құнына әсерін ескеру қажеттілігімен байланысты қиындықтар жиі туындайды. Сонымен қатар, селективті флотацияның реагенттік режимдерін оңтайландыру кезінде процестің максималды селективтілігі міндеті қойылады. Бұл міндетті шешу флотация процесінің түпкілікті тиімділігіне экономикалық факторларды қоса алғанда, бірнеше факторлар жиынтығының әсерін ескеретін оңтайландырудың технологиялық және экономикалық өлшемдерін қолдану негізінде мүмкін болады [2]. Мыс кендерін байыту тиімділігін арттыру ұнтақтау және

флотациялау процестерінің параметрлерін автоматты реттеудің заманауи жүйелерін қолдану арқылы да қамтамасыз етіледі. Өзінің қасиеттері мен тұтыну мөлшеріне байланысты мыс үлкен сұранысқа ие. Осыған байланысты тау-кен өнеркәсібінің қарқынды дамуы бүкіл әлемде қорлардың азаюына әкеліп соқты, қиын байытылатын кенді өңдеуге мәжбүр етті. Мұндай кенді өңдеу үшін флотацияның жаңа реагенттік және схемалық режимдерін жасау қажеттілігін тудырады.

Жұмыста мыс кенін байыту дәрежесіне ауа ағынының, импеллердің айналу жылдамдығының, орта реттегіш шығынының, жинағыштар қоспасының (натрий диизобутилдитиофосфаты) әсерін зерттеу жүргізілді. Есептелген экономикалық бағдарланған параметрлер тәжірибелік мәліметтерге негізделген модельдермен салыстырылады және салыстыру нәтижелері басқару әрекеттерін жасауға негіз болып табылады. Технологиялық операция немесе бүкіл цикл таңдалған оңтайландыру критерийлерінің мәндерінің белгіленген шекараларында сақталады.

Натрий диизопропилдитиофосфатын пайдалану кезінде мыс кенін байыту процесі үшін әр фактордан мыс алу дәрежесінің жеке тәуелділігі алынды: $\varepsilon_{Me} = f(v_{ауа}, л/сағ) y = 0,3657x^2 + 0,0235x - 1,972, R=1$; $\varepsilon_{Me} = f(v_{айналу}, Гц) y = 0,0185x^2 - 0,2778x + 8,473353, R=1$; $\varepsilon_{Me} = f(\text{эк.г}) y = 0,8267x^2 - 0,3306x - 0,0313, R=1$; $\varepsilon_{Me} = f(C_{флотореагент}) y = 0,0016x^2 - 0,0238x + 0,086, R=1$.

Корреляция коэффициенттері (R) мәліметтерінен байытудың химиялық-технологиялық параметрлерінің әр түрлі факторларға жеке тәуелділіктерін мыс кенін байыту процесін модельдеу үшін қолдануға болатындығы көрінеді. Ұжымдық флотация циклдары үшін түпкілікті оптимизацияның тұжырымы келесідей тұжырымдалады. Басқарудың міндеті тауарлық концентратқа бастапқы кеннен мыс кенінің түпкілікті алынуы және алынатын концентраттардың сапасы барынша жоғары болатын ұжымдық циклде құнды компоненттерді алу мен олардың ұжымдық концентраттағы құрамы арасындағы арақатынасты қолдау болып табылады.

Бұл міндетке қол жеткізу флотация процесінің аралық оңтайландыру параметрі ретінде ұжымдық флотация операциясындағы рН мәнін пайдалану кезінде мүмкін болады. Бұл параметр ұжымдық және селективті циклдің технологиялық көрсеткіштері арасындағы байланыстырушы буын болып табылады (соның ішінде кендегі мыс құрамы, тауарлық концентраттағы және құнды компоненттерді алу арасындағы). Басқарылатын объект – бұл тегістеу және ұжымдық флотация үшін эк шығыны. Бақылау және реттеу параметрі – негізгі ұжымдық флотациядағы ортаның рН шамасы. Ұжымдық флотациядағы рН жоғарылауы пириттің флотациялануын басу арқылы мыс концентраты сапасының жоғарылауына әкеледі. Алайда бұл мыс минералдарының флотациялануын, сондай-ақ осы минералдардың пиритпен бөлінуін азайту арқылы мыс өндіруді біршама азайтады. Көп факторлы эксперимент нәтижелері көрсеткендей, жинағыштың оңтайлы концентрациясы кезінде флотациялық байытудың тиімділігі ортаның рН – на және қойыртпақ ұстайтын оттегінің мөлшеріне байланысты.

Байытудағы айырмашылық фракцияның құрамымен, рН сілтілі және сілтілі аймақтарындағы тотығу процестерінің ағымымен анықталады. Осылайша, концентратқа мыс алудың жоғары көрсеткіштерін қамтамасыз ететін сульфидті мыс кенін байытудың оңтайлы реагенттік режимі 20000 г/т эк шығыны, 100 г/т жинағыштар қоспасының шығыны болып табылады. Осылайша, мысқұрамды кендерді флотациялық байытуды жүзеге асырудың оңтайлы шарттары, қойыртпақ ұстайтын оттегі мөлшерінің ұжымдық концентрат сапасына басым әсері белгіленді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Орлова А.В. Общие критерии выбора и виды технологических схем переработки медных руд / А.В. Орлова, В.А. Таранов // Вестник кольского научного центра РАН. – 2019. №4. – С. 50-55.

2 Козлов, А.П. Современные проблемы комплексной переработки труднообогатимых руд и техногенного сырья / А.П. Козлов, Т.В. Чекушина // Институт проблем комплексного освоения недр РАН: сб.статей. – Москва, 2017. – 452 С.

ҒТАМР 27.29.15

ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУЛЕРДІ ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ МЫСАЛЫ

Р.Н. Касымбеков

Магистрант, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

Бұл мақалада дифференциалдық теңдеулерді оқыту кезінде проблемалық оқыту технологиясын қолдану мысалы келтірілген. Физика есептерін шешуде бірінші және екінші ретті дифференциалдық теңдеуді қолданудың нақты мысалдарын қарастырамыз. Дифференциалдық теңдеуге туынды функциялар, кейде функцияның өзі, сондай-ақ тәуелсіз айнымалы және параметрлер кіреді.

Түйін сөздер: математика, физика, проблемалық оқыту, дифференциалдық теңдеулер, методика, қолдану.

Қазіргі заманғы білім беруді дамытудың негізгі үрдістері оқу процесін ұйымдастыруға іс-әрекеттік және жеке тұлғаға бағытталған тәсілдерде көрініс табады. Мемлекеттік білім беру саясаты мен жалпы білім берудің басты мақсаты – білімгердің тұлға ретінде дамуын көздейді.

Дифференциалдық тендеулер курсы көптеген студенттер үшін кем дегенде қызығушылық пен өзектілік тұрғысынан қиындықтар туғызадыны мәлім. Математиканы оқыту мен оқытудың жаңа әдістері студенттерге математиканың қолданылуы мен маңыздылығын жақсы меңгеру үшін проблемалық контекстке қоюға бағытталған.

Мұндай қызметті ұйымдастырудың бір құралы ретінде дидактикада проблемалық оқыту методикасын қарастыруға болады. Проблемалық оқыту – оқыту әдісі ретінде де, жаңа дидактикалық жүйе ретінде де қарастырылады.

Білімгерді іс-әрекетке тартуға негізделген оқытудың қызықтырушы тәсілі ретінде проблемалық оқыту мұғалімдер үшін өзекті және тартымды бола түсуде.

Проблемалық сабақта білімгер белсенділігі артады: ойлайды, талдайды, талқылайды, дәлелдейді, жоққа шығарады және т.б. дәстүрлі сабақта қолданылатын – мұғалімді тыңдау, оның ойына құлақ асу, мұғалім берген анықтаманы есте сақтау сияқты әрекеттерді толығымен алмастырады. Әлбетте, білімгер дайын және жаттап алған нәрсені емес, өздері ашқан және өздері айтқан нәрселерді жақсы меңгереді. Сондықтан, дәстүрлі сабақпен салыстырғанда проблемалық сабақта білімгер неғұрлым берік білім мен дағдыларды қалыптастырады. Проблемалық сабақтың негізгі ұраны – «үйретуге болмайды – тек үйренуге болады».

Проблемалық тапсырмалардың шешімін іздеу.

Жаңа білімді меңгеру жолы екі түрлі қадамнан тұрады:

Бірінші қадам – гипотезаны ұсыну (грек тілінен аударғанда гипотеза дегеніміз – құбылысты түсіндіру үшін ұсынылған және сенімді ғылыми теория болу үшін тәжірибе немесе теориялық негіздеме бойынша тексеруді қажет ететін ғылыми болжам). Гипотеза жасау дегеніміз – болжам және болжамның жалған немесе шындық екенін тексеру кезінде анықталады. Сынаққа төтеп беретін гипотеза мәселенің шешіміне айналады (яғни, қажетті білім), біз оны шешім деп атаймыз.

Екінші қадам – гипотезаны тексеру. Тексерудің мәні гипотезаны қабылдауды немесе жоққа шығаруды негіздеу, «растау» немесе «қарсы шығу» дәлелдерін шығару, шешуші гипотезаға дәлел келтіру немесе қателікке қарсы дәлел («олай емес, өйткені»). Гипотезаларды кім ұсынады және тексереді?

Үш нұсқа бар:

1. Мұғалім мұны өзі жасайды.
2. Оқушылар жеке бастамасы бойынша әрекет етеді.
3. Мұғалім ынталандырушы немесе жетекші диалогты ашады.

Дифференциалдық тендеулерді шешу курсын оқу барысында физика есептерін қарастыру курсты толық және табиғатпен, өмірмен байланысты меңгеруге ықпал етеді. Физика есептерінің көпшілігі дифференциалдық

теңдеулерді шешуді қажет етеді. Сондықтан білімгерлерге проблемалық оқыту тапсырмалары ретінде және зерттеу тапсырмалары ретінде ұсынылуы ғылыми негізге ие. Көптеген физикалық заңдар және осы процестерді сипаттайтын кейбір функцияларға қатысты дифференциалдық теңдеулерді зерттеу барысында проблемалық оқыту тапсырмаларына келтіре оқытсақ, бұл болашақта білімгердің кез келген қиындықтарға, алдында шыққан проблемаларды шешуге дағдылайды.

Физикалық заңдар көптеген эксперименттердің теориялық жалпылауын білдіреді және кеңістікте де, уақытта да қажетті шамалардың байланыстарын сипаттайды. Мысалы, Ньютонның екінші заңы екінші ретті дифференциалдық теңдеу болып табылады: [3, 6 б.].

$$m \frac{d^2 \cdot r}{dt^2} = F(r, v, t)$$

Жалпы және теориялық физикадағы дифференциалдық теңдеулердің маңыздылығын ескере отырып, біз есептерде жиі кездесетін кейбір түрлерді біріктірудің негізгі ұғымдары мен әдістерін қарастырамыз.

Дифференциалдық теңдеу – бұл тәуелсіз айнымалылар мен осы айнымалылардың белгісіз функцияларынан басқа, белгісіз функциялардың туындыларын да қамтитын теңдеу.

Дифференциалдық теңдеуге кіретін белгісіз функцияның туындыларының ең жоғары реті дифференциалдық теңдеудің реті деп аталады.

1-ші ретті дифференциалдық теңдеу тәуелсіз айнымалыны, қажетті функцияны және оның 1-ші ретті туындысын байланыстыратын теңдеу деп аталады.

Дифференциалдық теңдеулерді құру үшін бұл әдістер жиі қолданылады:

1) белгілі физика заңдары мен туындының физикалық мағынасын қолдана отырып, қажетті шаманың туындысына шартты жазыңыз;

2) олардың қандай шамалары тәуелсіз айнымалы болатынын және қайсысы тәуелді болатынын анықтаңыз;

3) содан кейін тәуелсіз айнымалы шаманың өсуі болған кезде Dx өсуі үшін сызықтық жуықтауды табыңыз Dy ;

4) Dy -ті Dx - ге бөліп, $Dx \rightarrow 0$ кезінде шегіне өтіп, дифференциалдық теңдеуді алыңыз.

1-ретті дифференциалдық теңдеуді қолданудың нақты мысалын қарастырыңыз:

Бастапқы сәтте айналмалы параболоид тәрізді ыдыс сумен толтырылған. Тостағанның төменгі бөлігінде су ағатын радиус r_1 саңылауы бар. Егер тостағанның биіктігі H , жоғарғы жиегінің радиусы R белгілі болса, тостағанның су деңгейінің уақытқа тәуелділігін $h(t)$ табыңыз. Барлық су ыдыстан қанша уақыт t ағып кетеді?

Шешімі.

Су деңгейі h , тостаған мен көлденең су бетінің радиусы r арасындағы тәуелділік

$$h = \frac{H}{R^2} r^2$$

Уақыт аралығында (t ; $t+Dt$) су деңгейі Dh - ге өзгертсін, содан кейін ыдыстағы су көлемінің өзгеруі

$$D_V = \pi r^2 D_h = \pi \frac{R^2}{H} h D_h$$

Екінші жағынан, бұл өзгеріс тең

$$D_V = -v \pi r_1^2 D_t = -0,6 \sqrt{2gh} \pi r_1^2 D_t$$

Мұндағы $v = 0,6 \sqrt{2gh}$ – тесіктен судың шығу жылдамдығы.

1 және 2 теңдеулерді теңестіру, $Dt \rightarrow 0$ шегіне өтіп, дифференциалдық теңдеуді аламыз

$$\frac{R^2}{H} h D_h = -0,6 \sqrt{2gh} \pi r_1^2 D_t$$

3 теңдеуден айнымалыларды бөліп, интегралдап аламыз:

4

$$\frac{2R^2}{3H} h^{1,5} = -0,6 \sqrt{2g} r_1^2 * t + C$$

Бастапқы шарттардан тұрақты C табамыз. Себебі $h(0) = H$, содан кейін

$$C = \frac{2R^2}{3H} H^{1,5}$$

Сондықтан 4 теңдеуі келесідей болады

$$\frac{2R^2}{3H} * (H^{1,5} - h^{1,5}) = 0,6 \sqrt{2g} r_1^2 t$$

Формула 5-тен h -ді өрнектей отырып, біз қажетті тәуелділікті аламыз:

$$h(t) = CH^{1,5} - 0,9 \sqrt{2g} \frac{H r_1^2 t}{R^2}$$


$h(t_1) = 0$ болғандықтан, 5-тен барлық су ағатын уақытты табамыз:

$$t_1 = \frac{R^2 \sqrt{H}}{0,9 \sqrt{2g} r_1^2}$$

2-ші ретті дифференциалдық теңдеу – бұл тәуелсіз айнымалы, белгісіз функция, осы функцияның бірінші және екінші туындылары кіретін теңдеу.

2-ші ретті сызықты біртекті дифференциалдық теңдеуді шешуге әкелетін мәселенің мысалын қарастырыңыз:

Салмағы 5 кг дене 20 Н/м қаттылық серіппесінің соңына ілініп, тұтқыр ортаға орналастырылады. Бұл жағдайда оның тербеліс периоды 10 с құрайды. Демпфирлеудің тұрақты мәнін, тербелістердің логарифмдік декрементін және еркін тербеліс кезеңін табыңыз [5].



Сурет 1.

Шешімі.

Дененің статикалық тепе-теңдік күйіндегі координатаның басталуын таңдап, тербеліс процесінде денеге әсер ететін күштерді орналастырамыз. Егер АВ созылмаған серіппенің ұзындығын білдірсе, онда ОВ кесіндісі ауырлық күшінің әсерінен серіппенің статикалық ұзаруын білдіреді.

Гук заңына сәйкес $mg = k \cdot OB$

Ньютонның екінші заңын жазамыз $m\vec{a} = \vec{F}_{\text{қат}} + \vec{F}_c + m\vec{g}$

Біз бұл теңдікті Ох осіне жобалаймыз, келесіні ескере отырып

$$F_{xc} = -av_x = -ax, \vec{F}_{\text{хқат}} = -k(x + OB)$$

Нәтижесінде тербелістер теңдеуін аламыз

$$m\ddot{x} = -ax - k(x + OB) + mg = -ax - kx \text{ немесе } \ddot{x} + 2n\dot{x} + \omega_0^2 x = 0 \quad (1)$$

$$\text{мұндағы } n = \frac{a}{2m}, \omega_0^2 = \frac{k}{m}$$

1 теңдеуі – екінші ретті дифференциалдық теңдеу.

Біз сипаттамалық теңдеуді құрамыз:

$$r^2 + 2nr + \omega_0^2 = 0 \quad (2)$$

2 теңдеуінің дискриминантын есептейміз:

$$D = n^2 - \omega_0^2 \quad (3)$$

Бұл жағдайда дененің қозғалысы табиғатта тербелмелі болғандықтан, оның координаты гармоникалық заңға сәйкес өзгеруі керек.

$$x = e^{-\lambda t} (C_1 \cos(\omega t) + C_2 \sin(\omega t)) \quad (4)$$

Өшу болмаған жағдайда, $\omega = \omega_0$, және дене периодты еркін тербелістер жасайды.

$$T_0 = \frac{2\pi}{\omega} = \frac{2\pi}{\sqrt{\omega_0^2 - n^2}}$$

$n = \sqrt{\omega_0^2 - \left(\frac{2\pi}{T}\right)^2}$ осы жерден өрнектейміз және a деформация тұрақтысын анықтаймыз:

$$a = 2mn = 2m \sqrt{\omega_0^2 - \left(\frac{2\pi}{T}\right)^2}$$

Есеп шартындағы мәндерді қойып, жауабын табамыз:

$$a = 19 \frac{\text{Н} \cdot \text{с}}{\text{м}}$$

Логарифмдік декремент дегеніміз – екі қатарлы амплитудалардың қатынасының табиғи логарифмі,

$$\Delta = n \frac{T}{2}.$$

N есептеп, T мәнін қойып, жауабын аламыз $\Delta = 9,5$.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Бондаренко В.А., Ханларов С.Т. Применение определенного интеграла в геометрических и физических задачах / Современные наукоемкие технологии. 2014. № 5-2. С. 143-146.

2 Бондаренко В.А., Цыплакова О.Н. Некоторые аспекты интегрированного подхода изучения математического анализа / Учетно-аналитические и финансово-экономические проблемы развития региона: ежегодная 76-я научно-практическая конференция Ставропольского государственного аграрного университета «Аграрная наука – Северо-Кавказскому региону». – 2012. – С. 280-283.

3 Гулай Т.А., Долгополова А.Ф., Литвин Д.Б. Государственное регулирование в системе агробизнеса // Учетно-аналитические и финансово-экономические проблемы развития региона Ежегодная 76-я научно-

практическая конференция Ставропольского государственного аграрного университета «Аграрная наука – Северо-Кавказскому региону». 2012. – С. 202-207.

4 Литвин Д.Б., Гулай Т.А., Долгополова А.Ф. Коррекция динамического диапазона статистических данных // Статистика вчера, сегодня, завтра Международная научно-практическая конференция, посвященная 155-летию образования Ставропольского губернского комитета статистики, 150-летию образования в России Центрального статистического комитета и Международному году статистики. 2013. – С. 148-152.

5 Литвин Д.Б., Гулай Т.А., Жукова В.А., Мамаев И.И. Модель экономического роста с распределенным запаздыванием в инвестиционной сфере / Вестник АПК Ставрополя. 2017. № 2 (26). – С. 225-228.

6 Мелешко С.В., Невидомская И.А., Гулай Т.А. Самостоятельная работа студентов и ее организация при изучении теории вероятностей // Финансово-экономические и учетно-аналитические проблемы развития региона Материалы Ежегодной 78 научно-практической конференции. 2014. – С.246-251.

ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА
СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ И ЭКОНОМИКА
SOCIAL SCIENCES AND ECONOMICS

ҒТАМР 19.21.11

САЯСИ КОММУНИКАЦИЯНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАРЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЖАНРЛЫҚ ФОРМАЛАР

С.С. Смагулова

Студент, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ.

А.М. Жусупова

Ф.ғ.к., А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ.

Қоғамдағы түбегейлі өзгерістер және жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ықпалының күшеюі, сөз жоқ, саяси коммуникация процесіне әсер етеді. Өзгерістер, ең алдымен, аудитория құрамы мен ақпарат беру сипатына қатысты. Зерттеушілер жаңа медиа технологияларды енгізу мен қолдану азаматтың бақылауына ие болатын жаңа саяси коммуникация формасының пайда болуына әкелетіндігін атап өтті. Қазіргі қоғамды «ақпараттық қоғам» ретінде сипаттау мүмкін болды, өйткені барлық әлеуметтік процестер ақпарат алмасу арқылы жүзеге асырылады. Сайлаушылар саяси бағдарламалар, саясат мәселелері және саяси баламалар (кандидаттар мен саяси партиялар) туралы хабарлау керек, ал екінші жағынан, мемлекеттік қызметкерлер өз азаматтарының тілектері мен талаптарын білуі қажет.

Түйін сөздер:

Байланыстың жаңа әдістері мен құралдарының пайда болуымен, басқалармен қатар, саяси ақпараттарды өңдеу және дайындау үшін журналистік уақытты қысқартумен бірге жаңалықтар циклін жеделдету қажет болды. Сонымен қатар, қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саяси және мәдени процестерге жаңа форма, сипат пен динамика беретін жаһандық қолжетімділікті құрды. Осыған байланысты интернет-технологияларды саяси-коммуникативтік салада қолданудың әр түрлі бағыттарын қарастыру қажет, сондай-ақ оларды қолданудың жағымды жақтарын атап өту қажет.

Интернеттің пайда болуы саяси коммуникация саласында сапалы жаңа жағдай туғызды. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуына байланысты халықтың әртүрлі топтарын қосу арқылы саяси шешімдерді үйлестіру процесін демократияландыру мүмкіндігі кеңейе түсті. Саяси коммуникациядағы бұл өзгеріс терең саяси және әлеуметтанулық өзгерістерге әкеледі, мысалы:

- әлемдегі ең аз мәртебелі және ең мұқтаж миллиондаған адамдардың өмірін жақсарту;

